



Алматы экономикасы: ТҰРАҚТЫ ДАМУ, ОҢ ДИНАМИКА

3



Сенатор Нұртөре ЖҮСІП: АЛМАТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

6



ҚАЗАҚТАР МЕН КАЗАКТАР

300 жылдық қақтығыс: нақты тарихи деректер

10

Almaty AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №150 (6443) 14 желтоқсан, бейсенбі, 2023 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

«ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»

бұл таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуға тиіс



Мемлекет басшысы «Алтын сапа» және «Парыз», «Қазақстанның үздік тауары» байқауларының жеңімпаздарын – ел дамуына елеулі үлес қосқан кәсіпкерлерді салтанатты түрде марапаттау рәсіміне қатысып, сөз сөйледі.

Салтанатты іс-шара аясында Қасым-Жомарт Тоқаев «Бір ауыл – бір өнім» жобасымен, сондай-ақ «Global Safety», «CleanField Kazakhstan», «Borusan Cat» және «Med 365» секілді отандық компаниялардың өнімдері қойылған көрмемен танысты.

«ҮЙРЕНЕТІН ҒАНА ЕМЕС, ҮЙРЕТЕТІН ҰЛТ БОЛУ КЕРЕК»

Қасым-Жомарт Тоқаев халқымыздың үйренетін ғана емес, үйрететін ұлт болуы керек екенін, ал Қазақстан тұтынатын емес, өндіретін мемлекет болуы қажеттігін айтты.

– «Қазақстанда жасалған» деген таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуға тиіс. «Алтын сапа» байқауының басты мақсаты – осы. Сонымен бірге, бизнес өкілдері халық алдындағы жауапкершілікті терең сезінуі керек. Адал азамат өз жағдайын ғана жасамайды. Ол туған ауылының немесе өзі жұмыс істеп жатқан аймақтың қамын да ойлайды. Мұндай кәсіпкерлер көпшіліктің қолдауына және алғысына ие болады. Шын мәнінде, туған елдің ықыласынан артық марапат жоқ. Табысын елімен бөліскен осындай азаматтар жоғары құрметке лайық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

2

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ

Алматыда қандай іс-шаралар өтеді?

Биыл Қазақстан Тәуелсіздік күнінің 32 жылдығын атап өтеді. Маңызды күнді мерекелеу қарсаңында Алматыда бірқатар мәдени, ресми, спорттық іс-шаралар мен түрлі фотокөрмелер, «дөңгелек үстелдер» ұйымдастырылады.

- 15 желтоқсан күні сағат 11.00-де Дәстүрлі музыка мультимедиялық орталығында Желтоқсан оқиғасына қатысушылармен «Тәңір сыйы – Тәуелсіздік» атты кездесу ұйымдастырылады. Дәл осы уақытта Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар мұражайында «Тәуелсіздік – ел мерейі» тақырыбында «Дөңгелек үстел» өтеді.
- 15.00-де Қонаев мұражайында «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тірегі» атты фотокөрме өтеді. Көрмеге мұражай мұрағатынан Алматы қаласының ғимараттары мен мәдени ошақтарының фотосуреттері қойылады.
- 15.00-де Алматы қаласының Орталық мемлекеттік мұрағатында «Тәуелсіздік – аппақ таным арайлы» атты тақырыпта «Дөңгелек үстел» өтеді.
- 19.00-де Жамбыл атындағы Қазақ



- мемлекеттік филармониясында Т.Әбдірашев атындағы ҚР Мемлекеттік академиялық симфониялық оркестрінің концерті өтеді.
- 16–18 желтоқсан күндері сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін К.Әзірбаев атындағы №15 жалпы білім беретін мектепте барлық санаттар арасында классика-

- лық пауэрлифтинг және классикалық стендтік пресс бойынша Алматы қаласының ашық чемпионаты өтеді.
- 18 желтоқсан күні сағат 12.00-де Alatau Creative Hub-та «Тәуелсіз елдің ұрпағы» зияткерлік ойыны өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы (бүгін және ертең)

14.12.2023

Түнде:

-25-27 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

-14-16 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

15.12.2023

Түнде:

-18-20 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:

-8-10 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы: 0-5 м/с

www.almaty-akshamy.kz





«ҚАЗАҚСТАНДА ЖАСАЛҒАН»

бұл таңба ең мықты сапаның, ең жақсы өнімнің белгісіне айналуға тиіс

(Басы 1-бетте).

Қазақстан экономикасы әділдік қағидатына негізделеді

Мемлекет басшысы еліміздің экономикасы әділдік қағидатына негізделуге тиіс екенін атап өтіп, бірқатар маңызды мәселеге назар аударды.

– Мен жуырдағы Жолдауымда 2029 жылға қарай ұлттық экономика көлемін екі есе, яғни 450 миллиард долларға дейін ұлғайту жөнінде маңызды міндет жүктедім. Бұл міндет – бос қиял емес, Үкіметтің мұқият есептеген іс-қимыл жоспары. Оны орындау үшін жаңа инвестициялық циклді іске қосу қажет. Ол ел экономикасының маңызды элементіне айналады. Өткен аптада мен Инвестиция тарту жұмыстарының тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым. Енді Инвестициялық штабтың жұмысы жобаларды уақытылы және кедергісіз жүзеге асыруға бағытталады. Штабқа заңды күші бар, уақытша нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу құқығы берілді, – деді Мемлекет басшысы.

Инвесторлар үш жылға салықтан босатылады

Президенттің пікірінше, мұндай шаралар еліміздегі инвестициялық климатты жақсартуға ықпал етуді көздейді.

– Жалпы, инвестиция тарту ісінде «бюрократияға мүлде жол жоқ – барынша нақты іс-әрекет» қағидаты басшылыққа алынуы қажет. Қолға алынған істің нәтижесі мемлекеттік аппараттың жіті назарында болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өзінің тапсырмасына сәйкес өңдеу секторына қаржы салатын инвесторлар келесі жылдан бастап үш жылға салықтан босатылатынын айтты. Сондай-ақ бұрын-соңды мұндай жүйелі шаралар болмағанын әрі оның шешуші сипаты бар екенін, әйтпесе, инвестиция үшін өте жоғары халықаралық бәсекелестік қалыптасып тұрған жағдайда Қазақстанның көздеген мақсатқа қол жеткізуі қиынға соғатынын жеткізді.

Мемлекет бизнес үшін әділ әрі ашық ойын ережесін қамтамасыз етеді

Бұған дейін Президенттің отандық бизнесті негізсіз тексерулер мен заңсыз қылмыстық қудалаудан қорғау жөніндегі тапсырмасы аясында қабылданған шаралардың нәтижесінде кәсіпкерлік саласындағы тіркелген қылмыстар саны екі есе азайған. Ақтау негізі бойынша тоқтатылған қылмыстық істер саны шамамен бес есе қысқарды. Инвестициялық жобаларды прокуратура органдарының сервистік қадағалауына баса мән беріледі. Инвестициялық жобаларды «жасыл дәліз» қағидаты бойынша қолдау жүйесі енгізіледі. Бұл инвесторларға рұқсат беретін құжатты алу ісін оңайлатпақ және жеделдетпек.

Сонымен қатар, оларға жер учаскелерін

Президент тұжырымдағандай, Қазақстанда бизнес саласы қарқынды дамып келеді. Бұған мемлекет тарапынан барлық жағдай жасалып жатыр. Шағын және орта бизнестің ішкі жалпы өнімдегі үлесі 36 пайыздан асқан. Бұл, шын мәнінде, жоғары көрсеткіш. Осы салада жұмыс істейтін адамдардың саны 4,3 миллионға жеткен. Яғни бұл – еңбекке жарамды азаматтардың 45 пайызы деген сөз. Индустрияландыру жұмысы соңғы жылдары жоғары қарқынмен жүзеге асырылып келеді. Былтыр өңдеу өнеркәсібінің экспорты 26 миллиард доллардан асты. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Өткен жылы осы салаға 1,5 триллион теңге инвестиция тартылды.

беру және коммуникация жүргізу жұмыстарын жеңілдетеді. Президенттің айтуынша, мемлекет бизнес үшін әділ әрі ашық ойын ережесін қамтамасыз етуге бар күш-жігерін жұмсайды. Мемлекет басшысы елімізде жасанды интеллект жүйесін құру ісін тағы бір маңызды мәселе ретінде атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның болашағы және оның халықаралық қоғамдастықтағы орны осы жұмыстың сәтті іске асуына байланысты деп санайды. Сондықтан Президент бұл бағытқа өзі жетекшілік етеді және шетелдік, отандық мамандармен кездеседі, сондай-ақ жүктелген міндеттердің орындалуын бақылайды.

Экспортқа өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау бар!

Мемлекет басшысы елді индустрияландыру ісін одан әрі жалғастыруымыз керек деп санайды. Бұл бағытта нақты шаралар қолға алынып жатыр. Екі жыл бұрын «Өнеркәсіп саясаты» туралы арнаулы заң қабылданды. Өңдеу кәсіпорындарын арзан шикізатпен қамтамасыз ету өте маңызды. Келесі жылдан бастап ірі шикізат өндірушілер ішкі нарықтың сұранысын қамтамасыз етуге міндетті болады. Олар Қазақстандағы өңдеу мекемелерінің қажеттілігін толық өтесе ғана, шикізатты экспорттай алады.

– Ауылды дамыту – түптеп келгенде, бүкіл Қазақстанды дамыту деген сөз. Сондықтан биыл біз «Ауыл аманаты» жобасын бастадық. Ауыл тұрғындарына шағын несие беру үшін 100 миллиард теңге бөлінеді. Соның арқасында 18 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Келесі жылдан бастап бизнесті дамытуға арналған бірыңғай кешенді бағдарлама қолға алынады. Болашағы бар шағын және орта бизнеске басымдық беріледі. Яғни мемлекет өндірістік қабілеті жоғары және экспортқа өнім шығаратын кәсіпкерлерге қолдау көрсетеді, – деді Президент.

Бизнеске жоспарлы инспекция жасау екі есе қысқарады, айыппұлдар саны азаяды

Мемлекет басшысы Үкімет пен бизнес-қоғамдастық бірлесіп, кәсіпкерлікті дамытуға кедергі келтіретін артық талаптарды анықтау үшін ауқымды жұмыстар жүргізгенін мәлімдеді. Оның айтуынша, 10 мыңнан астам заң нормасы жаңа реттеуші саясаттың негізгі талаптарына сай келмейтіні анықталды. Бүгінде оның 90 пайызы күшін жойды. Қалғаны жыл соңына дейін ретке келтіріледі. Сын-қатерлерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі бақылаушы органдардың бизнеске қысымын шектеудің маңызды құралына айналады.

Ол 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосылады және адамның қатысуынсыз тексеруді белгілеуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, бизнеске жоспарлы инспекция жасау екі есе қысқарады. Ал айыппұлдар саны бірнеше есе азаяды.

Салық саясаты экономикалық өсімге тың серпін бермек

Бизнес пен мемлекет арасындағы қатынастардың жүйелі түрде жаңғыруына қазір әзірленіп жатқан жаңа Салық кодексі ықпал етеді.

– Атап айтқанда, онда фискальды органдарды әкімшілендірудің сервистік моделіне көшіру мәселесі қамтылады. Бизнес субъектілерінің салықтық есебін 30 пайызға азайту жоспарланып отыр. Салықтық төлемдер саны кем дегенде 20 пайызға оңтайландырылады. Көлік құралдарына арналған салық бойынша есеп айырысу мен декларация, сондай-ақ жер мен мүлік салығына қатысты жүктеме бір миллион теңгеден аз болса, есеп айырысу алынып тасталады.

Кәсіпкерлердің банктердегі шоттарын бұғаттау кезінде олардың салықтық қарызына тең көлемдегі қаржысына ғана шектеу қойылады. Бизнесті дамытудың қазіргі ынталандыру тетігін сақтай отырып, қосымша қолдау шаралары қабылданады. Түсінікті және болжамды салық саясаты экономикалық өсімге тың серпін береді деп сенемін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Ірі халықаралық IT компаниялар кеңселері орналасатын аумақ болады

Мемлекет басшысы аймақтарда инвестиция тарту жұмыстары жүргізіліп жатқанын айтты. Биылдың өзінде еліміз бойынша жалпы құны 376 миллиард теңгені құрайтын 91 инвестициялық жоба жүзеге асырылды. Соның арқасында 6 мыңнан астам тұрақты жұмыс орны ашылды. Президент қосымша тұрақты жұмыс орындарын ашу жалпы-мемлекеттік міндет екенін, өйткені бұл жерде халықты жұмыспен қамту, қоғамдағы масылдық психологиядан арылу туралы айтылып отырғанын жеткізді.

Сонымен қатар, перспективті цифрлық индустрияға баса назар аударылды. Президенттің айтуынша, Қазақстан электронды үкімет пен қаржылық-технологиялық даму индексі бойынша әлемде жетекші орын алады.

- Президент тапсырмасына сәйкес өңдеу секторына қаржы салатын инвесторлар келесі жылдан бастап үш жылға салықтан босатылады.
- 2029 жылға қарай ұлттық экономика көлемін екі есе, яғни 450 миллиард долларға дейін ұлғайту – маңызды міндет.
- Үкіметтің мұқият есептеген іс-қимыл жоспары орындалу үшін жаңа инвестициялық циклді іске қосу қажет.

– Елімізде IT секторы қарқынды дамуда. Озық мемлекеттер экономикасындағы бұл саланың үлесі жыл сайын ұлғайып келеді. Былтыр отандық IT индустрия экспорты бес есе өсті. Мен оның көлемін 2026 жылға қарай бір миллиард долларға жеткізу міндетін жүктедім.

Біз ірі өнеркәсіптік өндірістен бастап, шағын сервистік жобаларға дейінгі экономиканың барлық саласын одан әрі цифрландыруға баса мән береміз. Бірақ босаңсуға, жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды. Еліміз жаһандық цифрлық технология орталығы ретіндегі орнын нығайтуы керек. Қазақстан ірі халықаралық IT компаниялардың кеңселері орналасатын аумақ бола алады және болуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Жиын соңында Президент «Алтын сапа» және «Парыз» байқауларына қатысқан кәсіпкерлерге ризашылығын білдіріп, лауреаттарға наградаларын тапсырды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: www.akorda.kz).



● ТІЛШІ ТАЛДАУЫ

Алматы экономикасы:

ТҰРАҚТЫ ДАМУ, ОҢ ДИНАМИКА

Ел экономикасының тұрақты дамуына инфляция тікелей әсер етеді. Қазақстан мемлекеттік және аймақтық деңгейде инфляцияны жоғары көтерілмеуі үшін түрлі бағытта шаралар қолданады. 2022 жылы елімізде инфляция 20,3%-ы құраса, биыл қараша айында жылдық инфляция 10,3% болды. Яғни 11 айда былтырғы жоғары көрсеткіш едәуір төмендеген. Алматы қаласы да осы тенденциядан шет қалған жоқ. Мысалы, былтыр қазан айында қаламызда инфляция 18,8% болса, биыл қазанда 11,1%-ға төмендеген. Қалалықтарға маңызды осы және өзге де статистикалық мәліметтерді талдап көрсек.

**ИНФЛЯЦИЯ
ДЕГЕН НЕ?**

Инфляция – макроэкономиканың маңызды элементі. Ол тауар бағасының өсуінен көрініс табатын экономикалық құбылыс. Қарапайым тілмен айтқанда, сіз кеше еттің килограммын 2700 теңгеге алдыңыз делік. Ал бүгін ет 3000 теңгеге қымбаттады. Осы 300 теңге айырма біздің инфляциямыз. Яғни инфляциясыз 11,1%-ға тең. Бұл күнделікті үй шаруашылығынан мысал. Тура осындай есеп-қисап мемлекеттік деңгейде де есептеледі.

Инфляцияның пайда болуының екі ең негізгі себебі бар. Біріншісі, сұраныстың ұсыныстан артып кетуінен (сұраныс инфляциясы), ал екіншісі өндіріс шығынының (өндіріс инфляциясы) өсуінен туындайды. Бір күннің ішінде етке сұраныс артып кетсе сатушы оның бағасын өсіре салады. Себебі, біз нарықтық экономикада өмір сүреміз. Сондықтан сатушыдан бағаны өсірме деп талап ете алмаймыз.

Екіншіден, етті сату үрдісі, яғни өндіріс шығыны өсуі мүмкін.

Мысалы, малдың жем-шөбі қымбаттайды немесе етті дүкен сөресіне алып келетін жеткізу жолы қымбаттауы мүмкін. Арасында алыпсатарлар көбейіп кетсе де баға өседі.

Бұл жағдайда да сатушы бағаны көтеруіне тура келеді. Оған да шектеу қоя алмаймыз. Сондықтан Үкімет әлде жергілікті орган бағаны тұрақтандырудың нарықтық механизмдерін енгізуі тиіс. Мысалы, етті өндірушілер мен сатушылар арасында бәсекелестікті ынталандыруға болады. Бұдан бөлек, өндірістік шығындарды барынша азайтуға жағдай жасай аламыз.

СЫРТҚЫ ФАКТОР

1991 жылдан бері еліміздегі инфляция көрсеткіші талай өзгерді. Ең жоғары көрсеткіш 1992 жылы тіркелген. Инфляция 3000%-ға жеткен. Ол Кеңес Үкіметінің ыдырауы мен Қазақстанның тәуелсіздік алуымен байланысты. Кейін ұлттық валютамыз теңгені айналымға енгізу үрдісі мен нарықтық экономикаға көше бастаған соң инфляция деңгейі төмендеді. 1998 жылы



1,9%-ға дейін түсті. Кейін қаржы-экономикалық дағдарысқа байланысты 17,8%-ға өскен.

2006 жылға шейін инфляция бірқалыпты деңгейде болды. Алайда, әлемдік-қаржы экономикалық дағдарыс оған кері әсер етті. 2006 жылғы 8,4%-дан 2007 жылы 18,8%-ға өскен. Бұдан шығатын қорытынды: бір мемлекеттің ішіндегі инфляцияға халықаралық жағдайдың да ықпалы бар. 2007-2008 жылдары АҚШ-да ипотекалық несие саласы құлдырап, ол бүкіл әлемге тарады. Оны сарапшылар Ұлы рецессия деп те атайды. Яғни экономикалық белсенділік төмендейді. Ол ресми түрде 2007 жылдың желтоқсанынан 2009 жылдың маусымына дейін жалғасты. Әлемде кейбір елдерде 2011 жылға дейін созылды. Бүкіл-әлемдік банктің мәліметінше, 2008

жылғы ЖІӨ өсімі 5,8% болса, 2009 жылы 2,8%-ға түскен.

ҚАЛЫПТЫ ДЕҢГЕЙ

ҚР Ұлттық банкінің соңғы есебі бойынша, қазан айында жылдық инфляция 10,8%-ды құрады. Ал Статистика комитетінің соңғы мәліметі бойынша қараша айындағы көрсеткіш 10,5%. Демек, оң динамика бар. Бұл республикаға ғана емес Алматыға да тән. Себебі, былтыр желтоқсанда қаладағы инфляция 20,1% болған. Биыл қарашада бұл көрсеткіш 10,5%-ға төмендеген.

Инфляцияны есептегенде үш түрлі ақпаратқа сүйенеді. Олар азық-түлік тауарлары, азық-түлік емес тауарлар мен ақылы қызмет бағалары. Биыл өткен жылғы қарашадағы көрсеткішпен салыстырар

болсақ, ақылы қызметтер инфляциясы жоғары болғанын көреміз. Одан кейінгі орында азық-түлік емес тауарлар. Бір жылдағы өсім 10,8%-ды құраған.

Көрсеткіштер	2022 ж. қарашамен салыстырғандағы өсім
Азық-түлік тауарлары	9,2%
Азық-түлік емес тауарлар	10,8%
Ақылы қызметтер	11,2%

Бұдан бөлек, өзге де экономика саласында да инфляцияны есептейді. Мысалы, бір жыл ішінде мейрамханалар мен қонақүйлердегі баға бірқалыпты өскен. Яғни 5,3 %-ға қымбаттаған. Бір қызығы, байланыс саласында, тіпті баға арзандаған. Қазір ұялы байланыс пен интернетке сын көп айтылады. Бағасы қымбат дейміз. Алайда, ресми статистика бойынша баға 0,5%-ға түскен.

Ал қымбатшылық көлік саудасы мен алкогольді ішімдіктер және темекі өнімдерінде тіркелген. Бір жылда көлік бағасы 20,9%-ға өссе, алкогольді ішімдіктер және темекі өнімдері 17,2%-ға қымбаттаған. Бұған түрлі факторлар әсер етуі мүмкін. Ең алдымен, сұраныс артқан. Алкогольді ішімдіктер және темекі өнімдеріне сұраныстың артуы халықтың денсаулығына кері әсер етуі мүмкін екенін ескерген жөн.

● ҚАЛА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ

Заң және заман:

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТТЫЛЫҚ
қауіпсіз қоғам кепілі

Алматы – алып мегаполис. Халқы көп, әрі тығыз қоныстанған. Конфликтология ғылымы адамдар бір-біріне шоғырланып өмір сүрген сайын қақтығыстар жиі болады дейді. Көпқабатты үйлерде тұрмыстық жанжалдар жиі болатыны да бекер емес. Сондықтан қылмыстық әрекеттер де жиі тіркеледі. Ресми статистика еліміздің өзге өңірлеріне қарағанда қаламызда қылмыс көбірек болатынын айтады. Жалпы, кез келген қоғамдағы қауіпсіздіктің кепілі – заң және тәртіп, сол қоғам тұрғындарының құқықтық сауаттылығына байланысты десек, қателеспеспіз.

РЕСМИ СТАТИСТИКА НЕ ДЕЙДІ?

Елімізде қылмыс деңгейі жоғары. Өсіресе, ірі қалаларда қылмыстық істер жиі тіркеледі. Мұндай мәліметті Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетіне қарасты құқықтық статистика интернет-порталы келтіреді. Бұдан бөлек, Ұлттық статистика комитеті де тіркелген қылмыстардың көп екенін айтуда.

2021 жылы республика бойынша 157 869 қылмыстық құқықбұзушылық тіркелсе, былтыр 157 470-ке азайған. Биыл 11 желтоқсандағы мәліметке сүйенсек, 137 мыңнан астам қылмыстық құқықбұзушылық тіркелген. Демек, жыл соңына дейін 140–150 мың аралығында іс тіркелуі мүмкін деп болжауға болады. Егер болжамымыз тура келсе өткен жылғы статистикамен салыстырғанда қылмыстық іс саны азаяды.

Өңірлер	2021 ж.	2022 ж.	2023 ж. (11 желтоқсан)
Қазақстан бойынша	157 869	157 470	137 256
Алматы қ.	27 722	34 991	26 586
Астана қ.	15 693	17 144	17 266
Шымкент қ.	10 998	991	6393
Алматы обл.	15 014	12 571	10 009
ШҚО	12 331	7764	5062
Қарағанды обл.	11 600	9771	9054



(Сурет: «egemen.kz»)

Қылмыстық құқықбұзушылықтар теріс қылықтар, ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыс санаттарына бөлінеді. Статистикалық мәліметке сүйенсек, елімізде ауырлығы орташа қылмыстық іс көп тіркеледі. Мысалы, былтыр 67 мыңнан астам қылмыс тіркелсе, биыл 11 желтоқсанға дейін 57 мыңнан асты.

Қылмыстық құқықбұзушылықтардың ішінде аса ауыр санаттағы қылмыстар аз тіркеледі. Бірақ биыл өткен жылмен салыстырғанда көбірек тіркелуде. Былтыр бір жылда 2 241 іс тіркелсе, биыл әлі жыл аяқталмаса да 2,5 мыңға жуық іс тіркеліпті.

Қылмыс санаттары	2022 ж.	2023 ж. (11 желтоқсан)
Теріс қылықтар	21 044	19 418
Ауыр емес	22 741	21 601
Ауырлығы орташа	67 340	57 193
Ауыр	44 103	36 544
Аса ауыр	2241	2499

**ҚЫЛМЫС САНЫ АЗАЯДЫ
ДЕГЕН БОЛЖАМ БАР**

Қаламыз қылмыстық құқықбұзушылық деңгейі бойынша үнемі алдыңғы қатарда болған. Ең жоғары көрсеткіш 2015 жылы тіркеліпті. Қылмыстық іс саны 73,5 мыңға жеткен. Одан кейін жыл өткен сайын бұл көрсеткіш төмендеді. Сөйтіп, 2021 жылы 27 мыңға түсті. Яғни 2,5 есе төмендеген. Биыл 2021 жылмен салыстырғанда қылмыстық іс көбірек тіркелуі мүмкін. Дегенмен, былтырғыға қарағанда оң өзгеріс байқалады. Жыл соңына дейін 2022 жылмен салыстырғанда қылмыс саны азаяды деп болжауға болады.

Аудандар бойынша да жағдай түзеліп келеді. Қылмыстық істер деңгейі бойынша Алмалы, Алатау және Әуезов аудандары көш бастап тұр. 2015 жылы да осындай көрсеткіш тіркеліп еді. Дегенмен, 8 жыл ішінде қылмыс деңгейі едәуір төмендеген. Өсіресе, Наурызбай ауданы жақсы көрсеткіш көрсетіп келеді.

	2015 ж.	2021 ж.	2023 ж. (11 желтоқсан)
Алматы қ.	73 505	27 725	26 586
Алмалы ауд.	15 167	5217	5873
Алатау ауд.	8225	4809	4475
Әуезов ауд.	13 283	3890	3995
Бостандық ауд.	11 847	4293	3360
Жетісу ауд.	7627	2869	1970
Медеу ауд.	9042	3305	2833
Наурызбай ауд.	1891	1336	147
Түркісіб ауд.	6809	2004	2512

Қылмыс санаттары бойынша қарайтын болсақ, Алматыда еліміздегі секілді ауырлығы орташа қылмыстар көбірек тіркеледі. Мысалы, биыл 10,5 мыңнан астам. Аудандар бойынша қарасақ, сол баяғы Алмалы, Алатау және Әуезов аудандары көш бастап тұр.

Аса ауыр қылмыс саны 307-ге жетті. Аудандардың ішінде Алмалы (96), Медеу (45) және Әуезов (33) аудандарында аса ауыр қылмыстар көбірек тіркелген.

Бетті әзірлеген
Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.





МЕДЕУДЕ НЕ ЖАҢАЛЫҚ?

Алматы қаласы Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында Медеу ауданының әкімі Еркебұлан Оразалин ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы баяндады.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Таза ауызсу – денсаулық кепілі

Аудан тұрғындарын орталықтандырылған су жүйесімен қамту – басым бағыттардың бірі. Медеу ауданы әкімінің айтуынша, «Каменское плато», «Көлсай», «Мұзтау» және «Юбилейный» шағынаудандары тұрғындарын тұрақты сумен қамтамасыз ету үшін қала әкімінің тапсырмасына сәйкес ТЖ желісі арқылы жалпы көлемі 7,3 мың шаршы метрлік жеті резервуар, үш жана ұңғыма салу және жалпы көлемі 500 шаршы метр болатын үш қолданыстағы ұңғыманы жаңарту, 9,6 км магистральдық желілерді салу және жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын аяқтау осы жылдың 25 желтоқсанына дейін жоспарланған.

Биыл сәуір айында жалпы ұзындығы 46 км су құбыры және кәріз желілерінің құрылысы басталды. «Көлсай», «Кеңсай» шағынаудандары және Халиуллин көшесіндегі жұмыстарды 2023 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарланған.

«Компот» шағынауданы, С.Нұрмағамбетов пен Р.Бағланова көшелеріндегі жұмыстар осы жылдың шілде айында басталды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылдың қыркүйегінде аяқталады.

«Думан» шағынауданындағы жалпы ұзындығы 23,7 км және «Сұлусай» шағынауданындағы сумен жабдықтау және кәріз желілерін салу, жалпы ұзындығы 18,1 км екі ұңғыма, сумен жабдықтау және кәріз желілерін салуға арналған жобалар бойынша мемлекеттік сараптаманың оң қорытындылары алынды. Құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылға жоспарланған.

Сондай-ақ, «Алатау», «Атырау» ш/а және Малая станица аймағында (32 көше) сумен жабдықтау және кәріз желілерін салу бойынша ЖСҚ әзірленуде. Сараптама 2024 жылдың 1 тоқсанында шығады деп күтілуде. Бұдан бөлек, «Алатау», «Атырау» шағынаудандары мен Малая станица аймағында сумен жабдықтау және кәріз желілерін салуға жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. Сараптама 2024 жылдың бірінші тоқсанында шығады деп күтілуде.

Көшелер жөнделіп, шамдар жарқырады

Ауданда арық желілерін салу және жаңарту жобасы аясында ұзындығы 23,6 шақырым болатын 31 көшеде жұмыстар жүріп жатыр. Бүгінгі таңда 18 көшеде 6 шақырым жаңа арық желілері салынды. Үш көшеде (Байқоңыр, Шәріпова, Төттібекова – 1,2 км) құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталып қалды. Қалған 10 көшедегі 16,4 шақырымды қамтитын жұмыстар 2024 жылдың 4-тоқсанында аяқталады. Бұл ағынды суларды айтарлықтай жақсартып, су тасқынын жоюға мүмкіндік береді.

Қалалық Мобильділік басқармасы тарапынан ұзындығы 22,15 шақырым болатын 26 көшеде орташа жөндеу жұмыстары аяқталды. Ал орталықсыздандыру аясында 75 көше жөнделді.

Қоғамдық көліктің жылжымалы құрамын жаңарту жұмыстары жалғасуда. Бүгінгі таңда 218 автобустың жылжымалы құрамы жаңартылды. Жыл соңына дейін тағы 10 маршрут-та 249 автобус көлемінде жылжымалы құрамдар және 30 тау автобусы жаңартылады.

Е.Оразалин көшелерді жарықтандыру мәселесіне де тоқталды. 1 қарашада «Алматы Қала Жарық» МКК-мен ұзындығы 649,8 км ауданның 29 920 жарық нүктелеріне қызмет көрсетуге және сыртқы жарықтандыру желілерін жөндеуге келісім-шарт жасалды.

Бүгінгі таңда ұзындығы 1027 км жолда шамды жөндеу жұмыстары жүргізілді, 160 кабель желісінің үзілістері, 66 жерде кабельдік тұйықталу жойылды. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасуда.

Мектептер күрделі жөндеуден өтті

Бүгінде аудан бойынша 3461 оқушы орындары жетіспейді. Оны төмендету мақсатында тамыз айында №48 мектепке 250 орынды толықтырумен қайта жаңарту және №131 мектепті сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу аяқталды.

– Жалпы, біз 5 мың жаңа орынға арналған 8 жобаны жүзеге асыру үстіндеміз. Бұл сейсмикалық күшейту арқылы кеңейту және күрделі жөндеу құрылысы. Тамыз айында №35 (300 орынды) және №99 (250 орынды) мектептеріне кеңейтілген 2 жобалық-сметалық құжаттама бойынша сараптамалық қорытындылар алынды. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау 2024 жылдың 2-тоқсанына жоспарланған, – деді Е.Оразалин.

Желтоқсан айында аудан әкімдігі №131 (300 орынды) және №168 (300 орынды) мектептерге бастауыш сыныптар үшін қосымша ғимараттар салуға екі жобалық-сметалық құжаттама бойынша сараптама қорытындысын алуда.

Сонымен қатар, №33, 161 және 17 мектептерді сейсмикалық күшейту арқылы қайта жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірленуде. №33 мектепке сараптама алынды (21.08.2023), құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылдың 1-тоқсанында басталады. №161 және №17 мектептер



бойынша акпан айында мемлекеттік сараптаманың қорытындысы шығып, құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылдың 2-тоқсанында басталады деп күтілуде.

«Жайлы мектеп» жалпыұлттық жобасы аясында Құлжа тас жолының оңтүстігінде 2 мың орынды жаңа мектептің құрылысы басталды.

Сондай-ақ, жеке инвесторлар есебінен («MG City» ЖШС, «Saba Group» ЖШС) «Думан» шағынауданында (1200 орын) және Халиуллин көшесі, 140 (300 орын) бойынша 1500 орынды екі мектеп салу жоспарланған. 3 жоба бойынша іске асыру мерзімі 2024 жыл. 2024 жылдың қаңтарында «Ikigai School» жеке мектебінің (260 орынды) спортзалының қосымша құрылысы аяқталады.

Бұдан басқа, Бөгенбай батыр көшесі, 42 мекенжайы бойынша №29 мектеп үшін 300 орынды қосымша құрылыс салу үшін жер учаскесін сатып алу рәсімдері жүргізілуде (сатып алуды аяқтаудың болжамды мерзімі осы жылдың соңына дейін).

Биыл 500 орынды 10 жеке балабақша ашу жоспарлануда. Бүгінгі таңда 450 орынды 9 балабақша ашылды, 1 балабақшаны биылғы жылдың соңына дейін ашу жоспарлануда.

№195 балабақшаның қауіпсіздігін күшейте отырып, күрделі жөндеуге ЖСҚ әзірленді. Ағымдағы жылдың 23 қазанында оң қорытынды алынды. Қазіргі уақытта ҚМЖ іске асыру үшін Құрылыс басқармасының балансына (тапсырыс берушіге) беру рәсімдері жүргізілуде.

Танымал саябақтар абаттандырылмақ

Шілде айында жеке қаражат есебінен ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Ғылым академиясы ғимаратында сәулет



ескерткішін күрделі жөндеу және қалпына келтіру жұмыстары басталды. Жоба бойынша ғимараттың қасбетін, шатырын, инженерлік желілерді ауыстыру бойынша кешенді жөндеу жұмыстары, ішкі әрлеу жұмыстары, сондай-ақ іргелес аумақтар – Шоқан Уәлиханов атындағы саябақты және Шевченко көшесі жағынан ғимаратқа іргелес жатқан саябақты абаттандыру көзделген.

Бүгінгі таңда жұмыстар 90% орындалды. Қираған тас такталар мен іргетастарын қалпына келтіру, гранитті жиектерді тегістеу бойынша жұмыстар жүргізілді, сондай-ақ қолданыстағы тас такталар тиісті келбетке келтірілді.

– Осыған ұқсас жұмыстар Пушкин көшесінің жанындағы Ғылым академиясы ғимаратына іргелес алаңда да жүргізілуде. Бұл жоба «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында жүзеге асырылуда. Үш алаңдағы жұмыстар жыл соңына дейін аяқталады. Сондай-ақ, қаламыздың нышандарының бірі – «Көк-Төбе» телемұнарасын сәулеттік-көркемдік жарықтандыруды безендіру бойынша жұмыстар жоспарланған. Құрылыс-монтаждау жұмыстарын 2024 жылдың қаңтарында бастап, сол жылдың мамыр айында аяқтау жоспарлануда», – деді Е.Оразалин.

«Самал-1» шағынауданында қоғамдық кеңістіктерді дамыту шеңберінде осы жыл соңына дейін «Журналистер» саябағын қайта жаңарту жүргізілуде. «Алатау» шағынауданы тұрғындарының өтініштері бойынша биыл Ибрагимов көшесіндегі скейт-парктің құрылысы басталды (25.08.2023 ж.). Жұмыстар осы жылдың соңына дейін аяқталады.

– Аяқталу сатысында тұрған тағы бір жоба – Достық даңғылынан «Есентай» өзеніне дейінгі Оспанов көшесіндегі жаяу жүргіншілер аймағы. Жоба аясында біз ұзындығы 500 метрге жуық тротуар жолын кеңейттік. Жаяу жүргіншілер аймағының басты ерекшелігі 80 суретшінің ондаған көркем композицияларымен безендірілген граффити қабырғасы болды, – деп жалғастырды сөзін Е.Оразалин.

Авторлардың идеясы бойынша қабырғадағы суреттер қазақ әліпбиінің әріптерін бейнелейді: барлық 42 таңба жалпы сюжеттік композицияға енген. Жобаны іске асыру Алматы әкімдігінің, жобалық кеңсе шеңберінде, шығармашылық зиялы қауым өкілдерімен – REPAS командасының өкілдері және «Almaty Creative Bureau» басшысы Кристина Бекмурзаеваның ынтымақтастығының арқасында мүмкін болды.

Қыркүйек айының басында жеке қаражат есебінен «Көк-Төбе» саябағына дейін ұзындығы 1,2 шақырым жаяу жүргіншілер жолын салу жұмыстары басталды. Бүгінгі таңда жол салу және асфальттау бойынша негізгі жұмыстар атқарылды. Кіру тобын жайластыру, қадағалау алаңдарын орнату және жарықтандыру жұмыстары 2024 жылдың көктемінде аяқталады.

«Көк базарды» жаңғырту жұмыстары басталды. Желілерді қайта жаңарту жүргізілуде, орталық кіреберістің алдында бетон жабындысын жаңарту, тірек конструкцияларын күшейту, аумақты абаттандыру жоспарлануда. Жұмыстарды 2025 жылдың соңына дейін аяқтау жоспарлануда.

КЕРЕК ДЕРЕК

Жайлы қалалық ортаны құру үшін ағымдағы жөндеу жұмыстары аясында 122 жоба іске асты. Бүгінгі таңда 80 аула аумағы абаттандырылып, 23 үйдің қасбеті жаңартылды, 13 жерүсті және жерасты жаяу жүргіншілер өткелдерін жөндеу аяқталды, 4 автоматты суару жүйесін қайта жаңарту, қоғамдық кеңістікті абаттандыру және гүлзарларды орнату жұмыстары аяқталды. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы аясында биыл 44 жоба жүзеге асырылуда. Бүгінгі таңда 34 жоба (27 ауланы жөндеу, көпірді қайта жаңарту, балалар алаңы, жарықтандыру, 2 саябақты, арықты, тротуарды ағымдағы жөндеу, көгалдандыру) және қалған 10 жоба бойынша жұмыстар (көгалдандыру, жарықтандыру, скверді жөндеу, Тіксай өзенінің аумағын жөндеу) жыл соңына дейін аяқталады.



БАСТЫ БАСЫМДЫҚ – ИНЖЕНЕРЛІК ЖЕЛІЛЕРДІ ЖАҢҒЫРТУ

Қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметінде Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Ақжаров ауданның әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы баяндады



Мәншүк
БЕКБОСЫН

Биыл тамыз айында «Шуақты» ықшамауданында 400 үйді қамтитын сумен жабдықтау (10 км) және су бұру (7,4 км) желілерінің құрылысы аяқталды. Тбилисская көшесі бойындағы 20 мың абонентке қызмет көрсететін 400 метрден астам кәріз эстакадасы қайта жаңартылды. Биыл жыл соңына дейін «Әлмерек» пен «Жас қанат» ықшамаудандарында 2470 абонентке қызмет көрсететін 17,6 шақырым су құбыры мен 18,8 шақырым болатын кәріз құрылысы аяқталады.

Сондай-ақ, жұмысы 2024 жылы басталуы тиіс «Маяк», «Нижняя Пятилетка» ықшамаудандары мен Закарпатская көшесінде 4200 абонентке арналған 131,3 шақырым су құбыры мен 56 шақырым кәріз жүйесінің құрылысы мерзімінен бұрын биыл басталып кетті. Ал «Қайраттағы» 2-ші кезектің 40 шақырым су құбыры мен су бұру желілерін (17,3 км/с, 19,9 км/с) салу жөніндегі басталған құрылыс жұмыстары 2024 жылдың II тоқсанына жоспарланған еді. Екі учаске бойынша сумен жабдықтау және кәріз желілерін жобалау жалғасуда: ауданның орталық бөлігінде (Рысқұлов–Жансүгіров–Шолохов–Сейфуллин көшелерінің алаңы) (30 км, к/я 70 км; сараптама 2024 жылғы наурызда аяқталады) және Әуежай көлі ауданында (Тоқай–Норильск–Поддубный–Диксон көшелерінің алаңы) (10 км/с, 10 км/с; сараптама 2023 жылдың желтоқсан айының соңында аяқталады). ҚМЖ-тың болжамды басталуы 2024 жылдың II тоқсаны.

Тұрақты электрмен жабдықтауды қамтамасыз ету үшін «Шуақты» ықшамауданында (5,5 км) электр беру желілерін жаңғырту аяқталды. Сондай-ақ, биыл желтоқсан айына дейін «Әлмерек» (23,5 км), «Нұршашқан» (18 км), «Қайрат» (120 км) ықшамаудандарындағы желілер жаңғыртылады. Содан кейін «АЖК» АҚ желілерімен қызмет көрсету үшін тұрғындарды электр желілеріне ауыстыру жүргізіледі.

Қосылған шағынаудандарды үздіксіз электрмен жабдықтау мақсатында «Түздібастау» қосалқы стансасының құрылысы аяқталды. Бүгінде жеке учаскелердің меншік иелерімен сервитут шарттары жасалуда. Артынша солар арқылы жеткізу желілері салынады. Жұмыстарды аяқтау жыл соңына жоспарланған.

ЖОЛ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫН ДАМУҒА ӨЗЕКТІ

Ұзындығы 22 шақырым болатын 17 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сейфуллин даңғылы, Арал көшесі, Байрон, Бердіқожа, Ахметов, Алғабас, Сүйінбай, Шемиякин, Спартак, Папанин көшелері, 13 ә/к, Магнитный, Покрышкин, Филатов, Ержанов, Гродненская мен Баймағамбетов көшелерінің жол жабынын асфальттау жұмыстары аяқталды.

Аудан бойынша 80 мың м² жол төсеміне жөндеу жүргізілді (Рысқұлов даңғылы, Сүйінбай, Майлин көшесі, Бекмаханов көшесі және т.б.).

Ұзындығы 8 шақырым болатын (Огарев, Тараз, Пугачев, Обозный, Ақындар, Сейфуллин, Кассин, Котельников, Бейсебаев, Аймауытов, Ғанибет көшелері) 11 көшеде тротуар салынып, жөнделді.

Биыл қараша айының соңына дейін ауданның бес магистраль көшесінің (Рысқұлов, Сүйінбай даңғылы, Майлин, Шолохов, Ақан сері көшелері) эстетикалық келбетін жақсартуға ғана емес, сондай-ақ көшелерді жинау кезінде химиялық реагенттерден жасыл желектерді сақтауға арналған 23 шақырым техникалық тротуар салынады. Рысқұлов даңғылы арқылы өтетін жерүсті жаяу жүргіншілер құрылысы аяқталып, Ержанов көшесі арқылы өтетін өткелдің құрылысы жүргізілуде. Б.Хмельницкий көшесін «Қайрат» ықшамауданынан Талғар жолына дейін кесіп өтуге арналған ЖСҚ дайындалуда.

ЖАҢАДАН №9 АВТОБУС БАҒЫТЫ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

Аудан тұрғындарының өтініші бойынша «Қайрат» ықшамауданынан «Райымбек» метростансасына дейін №9 (8 автобус) жаңа автобус бағыты іске қосылды. Жыл соңына дейін жаңа автобустардың келуіне орай 7 бағыттағы жылжымалы құрам жаңартылады (№8, 13, 17, 38, 46, 47, 69; 130 автобустар).

Оқу жылының басынан бастап қалада өз мектептерінен алыс, шалғай аудандарда тұратын балаларға арналған «Мектеп автобусы» жобасының бірінші кезеңі басталды. Түрксіб ауданы бойынша ауданның 5 мектебінен балаларды тасымалдайтын 7 «Schoolbus» автобусы жүреді (№20, 32, 162, 115, 89). Келесі жылы осы жобаны кеңейту жоспарлануда.

ӘЛЕУМЕТТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

1 қыркүйектен бастап «Қайрат» ықшамауданында 1500 орынды №211 жаңа мектеп-гимназиясы іске қосылды. Мектеп-гимназия ғимаратында қолданыстағы ғимаратты



(600 орын) сейсмикалық күшейту және 300 орынды кеңейтумен қайта жаңарту жүргізілуде. Жұмыс 2024 жылдың I тоқсанына қарай аяқталады.

2023 жылдың желтоқсан айында 450 орынды №195 ЖББМ-ке қосымша құрылыс басталады. Бұдан өзге, 600 орынды №198 ЖББМ-ге қосымша (МС шығуы 2024 жылдың I тоқсанына), №83 гимназия филиалын қайта жаңарту (МС шығуы 2024 жылдың I тоқсанына) және №50 мектеп ғимаратын сейсмикалық күшейту (МС шығуы 2024 жылдың I тоқсанына) жобалануда.

Оқушыларды кәсіптік біліммен қамтуды кеңейту үшін 2024 жылдың I тоқсанында Алматы телекоммуникация және машина жасау колледжінің құрылысына қолданыстағы ғимараттарды бұза отырып ЖСҚ әзірлеу аяқталады (МС шығуы – сәуір, ҚМЖ басталуы – 2024 жылдың маусым айы). Биыл жыл соңына дейін «Қайрат» ықшамауданында 260 орынды мемлекеттік балабақшаның құрылысы аяқталады. Жер телімі алынғаннан кейін «Әлмеректе» 320 орынды балабақша салуға 2024 жылдың I тоқсанында ЖСҚ әзірлеуге конкурс жарияланады.

ЖАЙЛЫ ҚАЛАЛЫҚ ОРТАНЫ ҚҰРУ МАҢЫЗДЫ

Түрксіб ауданында ескі тұрғын үйлерді жаңарту жұмыстары жалғасуда (1247 үйдің 586-сы).

Биыл бес үй (121 пәтер) салынып, оған жақын маңдағы ескі үйлердің тұрғындары қоныс аударды. Сонымен қатар, 11 (2 учаскеде Кассин–Сейфуллин: «Казхастрой» ЖШС және Молдағалиев–Сауранбаев «Айсұлтан» ЖШС) үйдің құрылысы жүргізілуде. Құрылыстың аяқталуы биылғы жылдың желтоқсан айына жоспарланып отыр.



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

«Алтай-2» ықшамауданында жеке құрылыс салушы («Elite construction» ЖШС) 6 үйді (43 пәтер) сатып алып, оны бұзып, орнына тоғыз қабатты үш үй (200-ден астам пәтер) құрылысын бастау бойынша дайындық жұмысын жүргізуде. Жалпы, бұл ықшамауданда 54 үйді жаңарту жоспарлануда. Ауданды абаттандыру аясында биыл Молдағалиев көшесі (470 м) және Чехов көшесі (310 м) бойынша жаяу-серуендеу аймағы аяқталды. Сондай-ақ, №6 оқушылар үйінің жанындағы саябақ қайта жаңартылды. Аталған жобалар Сауранбаев көшесінің бойында бұрын жабдықталған серуендеу аймағының жалғасы болды. Әуежай алаңына субұрқак, суару жүйесі орнатылып, жаяу жүргіншілер жолы жаңартылды.

Сондай-ақ, Экология және қоршаған орта басқармасымен ЖСҚ әзірленуде: скандинавиялық жүруге арналған эко-жолдары бар Баум тоғайын абаттандыру, ШСҚ-тарды орнату; Үлкен Алматы каналына рекреациялық және жағажай аймақтарын жайластыра отырып жаяу жүргіншілер көпірін жаңарту; «Кіші Алматы» өзенінің бойындағы (Майлин көшесінен қала шекарасына дейін) жаяу жүргіншілер-серуендеу аймағын абаттандыру. Жобаның жұмысы 2024 жылдың II тоқсанында басталады.

Түрксіб ауданы 688 мыңнан астам ағашы бар қаланың ең жасыл аудандарының бірі. Жыл сайын аумақты көгалдандыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде. Тек 2020–2022 жылдар аралығында 12 мың жас ағаш отырғызылды. Биыл күзде тағы 28 мың ағаш отырғызылды. Ауданда 12 мыңға жуық ағаштың апатты жағдайда екені анықталып, кесілді.

АУДАНДА 589 АУЛА БАР

Соның ішінде 2016 жылдан 2020 жылға дейін күрделі жөндеуден өткен 526 аула абаттандырылды.

Қалған 63 ауланың 43-і ескі тұрғын үй санатына, 20-сы жаңа тұрғын үй кешеніне жатқызылды. Бұдан өзге, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасын іске асыру бойынша жұмыс жалғасуда. Биыл бағдарламаның тиімділігін ескере отырып, Түрксіб ауданы үшін бөлінген қаражат сомасы 78 жобаны іске асыруға 1,7 млрд теңгеге (875 млн теңгеге ұлғайтылды) дейін ұлғайтылды.

Бүгінде 65 нысан аяқталды (аулаларды жарықтандыру бойынша 33 жоба; балалар алаңдарын салу бойынша 20 жоба; тереңдетілген қоқыс контейнерлерін орнату бойынша 11 жоба; жаяу жүргіншілер көпірлерін жөндеу бойынша 14 жоба), биыл 20 желтоқсанға дейін тағы 13 жоба аяқталады.

Қатты жауын-шашынның салдарын жою және ауданда ТЖ желісі бойынша қолайлы қалалық орта құру мақсатында 3,8 шақырым болатын арық желілерін салу және коллекторды тазарту арқылы 10 тұрақты су басу орны жойылды.

Экология басқармасы 57 учаскеде 41 шақырым арық желісін салу жұмысын жалғастыруда. Оның ішінде 20 учаскеде 16 шақырымнан астам салынған, биылғы жылдың соңына дейін 4 учаскеде тағы 2 шақырым желі салу жоспарлануда. Жалпы ұзындығы 25 шақырым болатын қалған учаскелер бойынша жұмыс 2024 жылы аяқталады.

КЕРЕК ДЕРЕК

ҚАРҚЫНДЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 14%-ға өсті (292,4 млрд теңге, үлесі 17,9%); белсенді жұмыс істейтін ШОБ саны 29%-ға (21 127-ден 27 246-ға дейін); салық аударымдары 39%-ға (167,3 млрд теңге); пайдалануға 154,8 мың теңге шаршы метр тұрғын үй (өсім 22%) енгізілді; 4696 жаңа жұмыс орны құрылды (орындалуы – 90%).



Нұртөре ЖҮСІП, сенатор:

АЛМАТЫНЫҢ ӘЛЕУЕТІ ЗОР

Отан игілігі – өз қолымызда, оны ешкім сырттан келіп жасап бермейді

Еліміз Әділетті Қазақстан құру бастамасы аясында жаңарған қоғамға қарай бет алды. Бұл бағдарда қолға алынған реформалардың серпілісі қарқынды. Президент тапсырмаларының орындалуы жолында жұмыла жұмыс істеу лазым. Бұл ретте Қазақстан Парламентінің атқарар рөлі зор. Биліктің жоғарғы заң шығарушы органы бірқатар заң мен бастамаларға орай ілкімді істердің жаршысына айналды. Осыған орай біз Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты және Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің төрағасы Нұртөре ЖҮСІПЕН сұхбаттасқан едік.



Нақты мақсат-міндеттер айқындалды

– Мемлекет басшысының биылғы Жолдауы ел дамуына серпіліс беретін экономика саласына арналды. Бұл бағытта қандай өзгерістер көзделген?

– Жылдағы дәстүр бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Бұл Жолдау ел дамуына серпін беретін негізгі сала – экономикаға арналды. Экономикалық сипатта көптеген бағдарлы сөздер айтылды. Ел Президенті «Егер дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет» деп нақты мақсат пен міндеттерді айқындап берді. Сонымен қатар, «Қазір елдің экономикалық серпіліс жасауына толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз қажет. Бұл жұмысты батыл жүргізуіміз керек» деп атап айтты. Соның ішіндегі ерекше тұсы, бұл мақсат соның ішінде негізгі мақсат – қағаз жүзіндегі жетістіктерге қол жеткізу емес. Шын мәнінде, халықтың тұрмыс-сапасын жақсарту. Осы мақсат-мұраттар көзделіп отыр.

– Ұлттық экономиканың жаңа үлгісі немен өлшенбек, жалпы, экономиканы қалай түлетеміз? Алматы – ел экономикасының драйвері екені белгілі. Алып мегаполистің саладағы үлесі қаншалықты маңызды?

– Әлемдік экономикаға назар аударатын болсақ, барлық мемлекет әрекет жасап жатыр. Жаһандық экономика үшін жалпы әлем жанталас үстінде. Кім озық технологияға ие болады, сол жолда үлкен тайталас, күрес жүріп жатыр. Оның үстіне табиғи ресурстар үшін де тартыс көп. Анау Америка Құрама Штаттары, одан да басқа елдердің барлығын былай қойғанда, Қытай мен Үндістан өздерінің азық-түлік қауіпсіздігі ме, демографиялық даму мәселелерін қозғауда үлкен ойыншыға айналып отыр.

ТМД елдерінің арасында көрші өзбек елі де

жан-жақты дамуға ұмтылыс білдіруде. Мұндай жағдайда Қазақ елі де қаннен-қаперсіз отыруға тиісті емес. Осыған байланысты Мемлекет басшысы өз Жолдауында өзара бәсекеде ешкімнен қалыспай, артта қалмауды ерекше ескертіп айтып өтті. Ұлттық экономиканың жаңа үлгісі туралы әңгіме болған кезде біз негізгі өзекті салаларды талдап алайық. Әсіресе, өнеркәсіптік индустрия бағытын жаңа технологияларды қолдана отырып дамыту мәселесіне назар аударсақ дейміз.

Қазақстанның туристік әлеуеті өте зор. Алдын ала болжамға зер салсақ, Қазақстанға 2030 жылдары 1,5 миллиардтан астам адам ағымы келеді деп жоспарланған. Бұл – әлем бойынша көрсеткіш. Ал Қазақстан бойынша да мынау халықаралық шекарадан өтіп келетіндер қатары артатын сияқты. Сондықтан да туризм саласын дамытуға, отандық туризмді өркендетуге Алматы қаласының әлеуетіне маңыз берген жөн. Сондай-ақ, Алматы, Жетісу, Оңтүстік, Батыс, Шығыс өңірлерінің мүмкіндігі өте зор. Жалпы, туризм тұрғысынан алған кезде дүние жүзіне беймәлім әрі тылсымдауымыз. Сол себепті, экотуризм туралы кеңінен ақпарат берген дұрыс деп ойлаймыз. Кейінгі жылдары ішкі туризм бойынша оң көрініс байқалады. Пандемияның кезінде елдің көбісі сыртқа шыға алмай қалды. Ішкі туризмнің үлесі 10–15% шамасында. Соның үлесін барынша арттырған дұрыс болады ғой деп ойлаймын. Біз көрші мемлекеттер, соның ішінде іргедегі Өзбекстанмен салыстырған кезде өзімізде туризмге байланысты 15 жоба бекітілген. Соларды тиімді қолданайық.

Алматының әлеуметтік-экономикалық салада да, мәдени-рухани салада да әлеуеті зор. Қала еліміздің экономикалық даму үрдісінде үлкен мүмкіндіктерге ие. Алматы – Қазақстандағы ірі мегаполистердің ішіндегі шағын және орта бизнес аса жақсы дамыған шаһар, осы салалардан түсетін салық та мемлекет қоржынын көбейтіп отырғанын ескеруіміз керек. Сондықтан қазір Парламентте жаңа салық кодексі, мемлекеттік сатып алу туралы бірқатар заң жобалары қарастырылады. Сонда кейбір салықтарға жеңілдіктерді беру мәселесі аясында мемлекеттік сатып алу үрдісіндегі олқылықтарды жоюға тиіспіз.

Құрылыс салғанда, нысандарды пайдалануға берерде маңызды дүние, ол – құрылыс сапасы. Көп жағдайда мемлекеттік сатып алуда ең төменгі баға ұсынған компания жеңімпаз болады. Ол ең төменгі баға сол нарықтағы сондай бір сапасыз құрылыс материалдарын сатып алуға жол ашады. Соның салдарынан, өкінішке орай, көптеген құрылыстардың сапасы сын көтермейтін жағдайға душар болды. Мәселен, Алматы сияқты жер сілкінісінің қаупі басым аймақта құрылыстың сапасына жіті қарайық. Жуырдағы Түркия мен Сириядағы жер қозғалған келеңсіз оқиғалар біздерге қатты сабақ болуы шарт. Осыдан шығатын түйін – мемлекеттік сатып алуларды барынша заңдық тұрғыда, құқықтық бағытта, экономикалық сипатта реттеу өте маңызды ғой деп ойлаймын.

– Әлеуметтік салада қандай өзгерістер бар?

– Әлеуметтік бағытта жыл басында әлеуметтік кодексті қабылдадық. Соның ішінде тәуір жаңалықтар бар. Мәселен, отбасының цифрлы картасын енгізу, жұмыспен қамту саласында тың тәсілдерді қолдану, жаңа көші-қон саясатын жүргізу, көбалалы жанұяларды қолдау шаралары қарастырылған. Сонымен бірге, арнайы әлеуметтік қызметтер жүйесін жаңғырту, зейнетақы төлемдерін арттыру деген мәселелер көзделген. 2022 жылдың 1 қыркүйегінен бастап пилоттық режимде отбасының цифрлық картасын енгізу

жұмысы басталғаны белгілі. Бұл – әлеуметтік мәртебесіне байланысты кепілдендірілген мемлекеттік қолдаудың қандайда бір түрін алу құқықтары туралы күн сайынғы электрондық хабарлаушы рөлін атқарады. Сосын көрсетілетін мемлекеттік қызметтің проактивті форматының жаңа құралы ретінде өмірімізге, ақпараттық жүйе арқылы азаматтардың тиісті орындарға жүгінбей-ақ мемлекеттік қолдаудың қандай бір түрі бар екендігін хабарлап отырады.

Әлеуметтік төлемдердің түрлері бойынша жаңа форматта қызмет алудың мүмкіндігі бар. Сонымен қоса, әлеуметтік қорғау саласында қызметтер, денсаулық сақтау, білім беру салаларында да мемлекеттік кепілдіктер 2024 жылдан бастап енгізілетін болады. Ал 2025 жылдан мемлекеттік кепілдіктердің барлық түрлері қамтылады. Сонымен бірге, халықты жұмыспен қамту саласында да жаңа тәсілдер қарастырылып отыр. Олардың барлығы да халқымыздың тұрмыстық әлеуметтік жағдайын жақсартуға жол ашады.

Цифрландыру – уақыт талабы

– Цифрландыру бағытында оң өзгеріс байқала ма?

– Қазір бір ерекше басымдық беріліп жатқан сала, ол – креативті индустрия. Осы цифрлық бәсекелестік саласында Қазақстанның беделін асқақтату, жасанды интеллектті қолдану жағы да маңызды.

Күні кеше ғана Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев жас сарапшылар клубының отырысына қатысты. Бұл жиынға Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева да келді. Осы жерде отандық креативті индустрияға атсалысып жүрген көптеген азаматтар, жас ұрпақ өкілдері қатысып, өздерінің ұсыныстарын айтты. Қазақстан Еуропа, Азия, Америка, Италия, Испания, Венгрия, Үндістан, Бразилия, Румыния сияқты елдермен салыстырғанда цифрландыру бағытында жақсы келе жатыр. Сондықтан осы салаға көңіл аудару, жасанды интеллекттің мемлекеттік тілдегі мүмкіндігін барынша пайдалану қажет болып тұр. Сол арқылы мемлекеттік тілдің қолданылу аясын ұлғайту басты ұстаным болуы керек деп есептеймін.

– Елімізде су тапшылығы болмас үшін жерасты суларын пайдалансақ қайтеді?

– Су мәселесі де өте өзекті. Парламент депутаттары елдегі су қорына байланысты оның азаю мүмкіндігінің бар екендігін айтып, үнемі дабыл қағып келеді. Біздің Сенатта да бұл түйткілге қатысты тиісті Парламенттік тыңдау, Үкімет сағаты және т.б. үлкен алқапы жиын өткізілді. Сол жерлерде де су мәселесіне барынша назар аударылды. Қазақстандағы жерасты суларына, соның алпауыт ресурстары бар деп есептелетін өңірлерге ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу аса маңызды. Қазақстанның жас ғалымдары осы бағытқа айрықша назар аударып, су ресурстарының қайнар көздерін табу, іздеу, барлау проблемаларына тікелей мойын бұрса екен. Сонда ғана бұдан оңды нәтижелерге қол жеткіземіз. Негізінен осыған тез һәм жедел кіріскен жөн.

Қазақстанның ойлы жас өрендерін қолдау керек

– Жас мамандарды шетел нарығына жібермей ұстап қалудың жолы бар ма?

– Жасанды интеллект туралы көп дүние айтылып жатыр. Бұл салада жасанды интеллекттің мүкіншілігін пайдалану өте өзекті. Қазір шығармашылық салада, музыка, өнер, кино саласында пайдаланылады. ChatGPT деген чат бот бар. Ресейде бар, әлемдік жетістіктерге қол жеткізіп отыр. Жасанды интеллекттің кемшін тұстары жоқ емес. Қанша дегенмен, құлтемір адам бола алмайды ғой. Оның заты – робот. Оның қиялы, ақылы шығармашылық туындыларға келген кезде тоқырайды. Мысалы, жазушы мен ақын сияқты бола қоймас. Өлеңдерді құрастырғанмен, оның шығармашыл жаны болмайды. Сондықтан болашақта шығармашыл адамдардың қадірі артатын уақыт келе жатыр. Кейде жас ұрпақ кітапты оқып зерделеуге ниетті әрі ықыласы болса дейміз. Жас азаматтардың көбісі шет мемлекеттерге ғылым іздеп те барып жүр. Табыс көздерін де қарастырып барады. Күн көру үшін де сырт жаққа аттанып кетіп жатқан

жағдайы бар. Сол себепті де, Қазақстанның ойлы жас өрендерін «ақылды бастарды», «смарт жастарды» хал-қадегімізше елдің экономикасын, мәдениетін, тұрмыстық әлеуметтік жағдайын көтеруге толық пайдаланудың мүмкіндіктерін жасау керек. Шетелге «Болашақ» бағдарламасымен, өз жағдайымен барғандардың өзге жұртта қалып қою ниет-пиғылын түзету қажет деп ойлаймын. Себебі, өз еліне қызмет ету өмірдегі ең ардақты іс. Жастар елді, туған жерді сүюі керек. Ал енді осындай сүйіспеншілік сезім болмай тек қана қарақан бастың қамын күйттеп кете беретін болса, онда ел ертең қандай болады? Міне, бұл үлкен проблема! Сондықтан бұған бей-жай емес, аса алаңдап қараймыз. Бұған да біздің тиісті салалық министрліктер жастар мәселесін толық зерделеп, ой-шұңғылына дейін үңіліп, ізгі шешім қабылдау жолдарын ұсынып, нақты іске кіріссе дейміз.

Бала тәрбиесіне ата-ана тікелей жауапты

– Отбасы құндылықтарын қалай сақтаймыз?

– Мемлекет басшысы жас ұрпақтың қауіпсіздігін үнемі айтып жүр. Жантүршігерлік қылмыстық оқиғалар жиілеп кетті. Мектептен, үйден, көшеден мұның көрінісін көріп қаламыз. Осындай сорақы жағдайлардың салдарынан кейбір балалар өзіне-өзі қол жұмсап, суицидке барып жатады. Тіпті, ата-аналарының өздері де балаларына зорлық-зомбылық көрсетеді. Оның да арты қайғылы жағдайға ұласады. Отбасы-ошақ қасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселесінде жауапты мекемелердің, құқық қорғау органдарының қызметі ойдағыдай нәтиже беріп жатқан жоқ. Сондықтан тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу саясатын қайта қарау керек екендігі орынды. Ана мен бала құқығын қорғау, оны заңмен күшейту талабы алдымыздан шығуда. Негізгі түйін отбасы құндылықтарын дәріптеу болса екен дейміз. Шаңырақтағы әйелдің орны, ата-ананың балаға тікелей тәрбие берудегі рөлі өте өзекті.

Қазір қазақтың жас аналары едәуір жұмыс басты болып алған. Мансаптық жолда болғаннан кейін өз балаларына көңіл қойып, мойын бұрмайды. Дұрыс тағылым-тәрбие беруді назардан қағыс қалдырады. Соның салдарынан балалар да қараусыз өскеннен кейін әртүрлі жағдайларға тап болатынын күнделікті тіршілікте көреміз ғой. Егер отбасы шағын мемлекет десек, ал сол отбасының негізгі өзегі ол – ата-ана. Соның үшін де қазақтың ұлттық дәстүріне сай, ұлттық тәрбие беру мәселелерін ойластырайық.

Осының барлығы да Әділетті Қазақстан қоғамын құру деген үлкен мағыналы һәм бағдарлы іс-әрекеттің аясына кіреді. Еліміздің дамуы, мәдениеті, оның рухани жағдайы қалай болған кезде де жаңа заманның талаптарына сай болуға тиіс. Уақыт бір орында тұрмайды. Қазақстан белгілі бір дамудың биігіне шықты деп ауыз толтырып айтып отыра беруге тағы болмас.

Өйткені, әлемдегі бәсекелестік және мемлекеттер арасындағы жарыса даму жүріп жатқан жағдайда біздің мемлекеттің де белін бекем буып, ақыл-есті дұрыс бағытқа, дұрыс арнаға бағыттап, қуатты, беделді, абыройлы, мына жемқорлықтан ада заңның үстемдігі орныққан жасы мемлекет құру мәселесі бәрімізге тікелей қатысты. Бұл тұрғыда азаматтардың белсенділігі лазым. Отан игілігі – өз қолымызда, оны ешкім сырттан келіп жасап бермейтіні анық.

Әділетті Қазақстан идеясын елде жүріп жатқан саяси, экономикалық өзгерістер негізінде көре аламыз. Әрқашан Қазақ елінің мәртебесінің биік болуы жас ұрпақ үшін, әрбір қазақстандық үшін маңызды. Келешекте елдің намысын қорғайтын, қорлауға-зорлауға жол бермейтін айбынды да абыройлы қазақ жастарының легі өсіп шығуы керек. Олар бірінші кезекте тәрбиелі, сосын білімді, парасатты, еңбекқор, тірлік студент қашпайтындар шоғырынан құралуы қажет. Жалпы, еңбек пен жауапкершілікке қоғам болып назар аударып, осыны реттейтін уақыт жетті.

Сұхбаттасқан
Олжас ЖОЛДЫБАЙ.



ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

СӘУЛЕЛІК ТЕРАПИЯДАҒЫ ЖАҢА ҚАДАМ

Алматылық дәрігерлер қатерлі ісікті алғаш рет цифрлық қондырғымен емдей бастады

Орталық Азияда, дәлірек айтқанда, Алматыда алғаш рет онкологиялық науқастарды емдеу үшін жаңа перспективалар ашатын цифрлық инновациялық жүйе орнатылды. Біз сол заманауи қондырғыны пайдаланып жатқан алматылық мамандарды және цифрлық жаңа жүйемен алғашқы болып сәулелі ем қабылдаған пациентті көзбен көріп қайттық.



Суреттерді түсірген Самат ҚУСАЙЫНОВ.

Негізі, бұл шетелдік алып қондырғы Алматы Онкологиялық орталығына 2019 жылы пайдалануға берілген болатын. Енді сол қолда бар желілік үдеткішіне қосымша жаңа цифрлық жүйенің орнатылуы еліміздің маңызды революциялық жетістігіне айналып отыр. Бұл жүйе өкпенің, бас-мидың, сүт безінің қатерлі ісігіне шалдыққан науқастарды сәулелі терапиядан өткізуде асқан дәлдікке құрылған.

Жаңа жүйе пациенттің тыныс алуын бақылай отырып, оның сол тыныс алу қозғалысына сәйкес сәуленің бағытын автоматты түрде реттей алады. Ал бұл өз кезегінде сәулелік терапия кезінде нақты уақыт ішінде ісіктің орналасқан жерін дәл бақылауға мүмкіндік береді. Тіпті, адамның тыныс алып жатқан кезіндегі қозғалысында да ісіктің нақты сәулеленуіне мүмкіндік береді және ісіктің айналасындағы сау тіндердің зақымдануына жол бермейді.

Мамандар сөзіне сүйенсек, Алматы Онкологиялық орталығының сәулелік терапия бөлімінде күн сайын 100-ге жуық науқас ем алады. Бұл емдеу әдісі аурудың бастапқы кезеңіндегі пациенттер үшін де, аурудың кейінгі кезеңінде өмір сүру сапасын ұзарту және жақ-

сарту үшін де өте маңызды. Сәулелік терапияның тиімділігі мен қауіпсіздігі ісікке әсер етудің дәлдігіне тікелей байланысты, ал бүгінгі жаңа жүйені енгізу жанама әсерді азайта отырып, онкологиялық дертті емдеудің тиімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Аталған инновациялық жүйеге Алматы қаласының әкімдігі мен қаланың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен қол жеткізілді.

Екіншіке қарай, онкологиялық кеселдер көрсеткіші күн санап өсіп жатыр, тіпті «жасарып» бара жатқанын айтып дабыл қағуда мамандар.

Алматыда сүт безінің қатерлі ісігі дерті басқа онкологиялық аурулар ішінде бірінші орында тұр. Екінші орында – тоқ ішек обыры, ал үшіншіде өкпе обыры тұр.

Аурудың бұлайша көбеюінің себебі, көп адам асқындырып алып жатады. Ал неғұрлым ертерек анықталса, соғұрлым сауығуға мүмкіндік бар. Сондықтан тұрғындар қатерлі ісіктің өте ерте сатысында анықталғанын қаласа, скринингтік тексерілуге ден қойғаны абзал дейді онколог-мамандар.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Евгений ИШКИНИН,
Алматы Онкологиялық орталығы сәулелік терапия бөлімінің меңгерушісі:

Сау тіндерді сақтайды

Еліміз бойынша ең бірінші болып біздің орталыққа орнатылып отырған жаңа жүйе желілік үдеткішпен толығымен біріктірілген. Процедура кезінде пациенттің жағдайын анықтау және бақылау арқылы миллиметрге дейінгі жоғары дәлдіктегі сәулеленуді қамтамасыз етеді. Жүйенің бірегей функциялары, мәселен, стереоскопиялық рентгендік позициялау, пациенттің жағдайын қадағалау және цифрлық жоспарды есептеу жүйесі ісікті барынша дәл сәулелендіруге және емдеуді реттеуге мүмкіндік береді. Бұл сау тіндердің зақымдану қаупін азайту үшін де өте маңызды. Сонымен қатар, жаңа жүйе радиотерапия сеансының уақытын айтарлықтай қысқартады және емдеу жоспарын дайындауды жылдамдата түседі, ал процес цифрлық автоматтандыру, әсіресе ми ісігі мен басқа да маңызды құрылымдар үшін өте маңызды.

БӘРЕКЕЛДІ!

Заманауи емханалар бой көтереді



МЕДЕУ АУДАНЫ. Ауданда медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту және аясын кеңейту мақсатында 4 денсаулық сақтау нысанының жобалық-сметалық құжатын рәсімдеу жұмыстары аяқталып қалды.

Атап айтар болсақ, «Думан» ықшамауданында 500 адам қабылдайтын емхана салу, «Алатау» ықшамауданында мемлекеттік емхана ғимаратын сейсмикалық жағынан күшейту арқылы жаңарту, №2 қалалық Мамандандырылған балалар үйін күрделі жөндеу (Байжанов көшесі, 107/5), №4 Жедел жәрдем қосалқы станциясының ғимаратын салу («Самал-3» ықшамауданындағы) жоспарланған.

Солардың ішінде №2 қалалық Мамандандырылған балалар үйін күрделі жөндеу жұмыстары алдымыздағы жылдың қаңтар айында қолға алынбақ. Ал қалған үш жоба бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары 2024 жылдың II тоқсанында басталады.

ТҮРКСІБ АУДАНЫ. Аудан тұрғындарына дәрігерлік қызметтерді сапалы, өз деңгейінде көрсету мақсатында медициналық нысандар ашылуда.

Мәселен, жыл соңына дейін «Нұршашқан» ықшамауданында 100 келушіге арналған дәрігерлік амбулатория есігін айқара ашады. Сондай-ақ, 2024 жылдың I тоқсанында Айбасов көшесі бойынан 200 келушіге арналған амбулатория құрылысы аяқталады.

2024 жылдың I тоқсанында «Қайрат» ықшамауданында 340 келушіге арналған емхана құрылысына жобалау-сметалық құжатын әзірлеу (мемлекеттік сараптаманың шығу мерзімі сол жылдың сәуірі) жоспарланып отыр. Ал «Әлмерек» ықшамауданында жер телімі алынғаннан кейін 200 келушіге арналған ОДА құрылысына ЖСК әзірлеуге байқау жарияланады.

ЛЕБІЗ

«Almaty aqshamy» газетінің тұрақты оқырманы әрі жыл сайынғы тұрақты жазылушысы, Алатау ауданының тұрғыны, қадірлі ардагер Алуаш Әбілтайқызынан хат келді. Шағын ғана хат іші жылы лебізге толы.

– Адам баласына тіс те аса керек. Тісің болмаса, тамақты да жөндеп иайнап жей алмайсың, ас та дұрыс қорытылмай, түрлі ауруға шалдықтыруы мүмкін. Тіс болмағасын, бет-

әлпетің де өзгеріске ұшырайтыны анық. Алматы қаласының орталық стоматология клиникасы Алатау ауданының №14 ықшамауданы ардагерлерінің тістерін жұлғып, емдеп, протез салып береді. Сонықтан біз, аға буын оларға дән ризамыз.

Бұл клиникада Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен теңестірілген еңбек және тыл ардагерлері, көпбалалы аналар, «Алтын алқалы», «Күміс алқалы» батыр аналар, жүкті әйелдер, балалар және I, II және III топ мүгедектері тегін ем алады. Ал ақылы бөлімінде терапия, хирургия және

рентген кабинеттері жұмыс істейді. Заманауи техникалармен жабдықталған клиниканың табалдырығынан аттағаннан жайлы, таза. Сондықтан да көңіліңді көтеріп тастайды. Біз, бір топ ардагер, 27 білікті маман жұмыс істейтін клиниканың бас дәрігері Гүлнар Ергазықызы мен стоматолог, ортопед-импалтантолог Ержан Мұхамеджанұлына шексіз алғысымызды білдіреміз, – депті хат иесі.

Алғыс арқалап жүрген дәрігерлерге тек естіліктер серік болсын дейміз біз де.

ҚЫЗЫҚ ЕКЕН

Міне, қылышын сүйретіп қыс та жетті. Көп адамның тұмаурата бастайтыны да заңдылық. Жөтелу, түшкіру арқылы жұғатын вирустан сақтану үшін, әрине, бетперде тағамыз. Сол бетперденің шығу тарихы да қызық екен.

Ертеде бетперде ең алғаш басқалар танып қалмау мақсатында түрін жасыру үшін қолданылған көрінеді. Ғалымдардың айтуынша, қорғаныс бетперделері б.з.д. VI ғасырда пайда болған. Ал саяхатшы Марко Полоның естеліктерінде XIII ғасырда Қытайда императорға жасалған тамақтың иісі мен дәмі бұзылмау үшін аспаздарға ас атаулыны бетін шүберекпен тұмшалап жүріп пісіруге бұйрық берілгені туралы жазылған деседі.

1347–1351 жылдар аралығында 25 миллионнан астам адамның өмірін жалмаған وبا пандемиясы кезінде дәл қазір біз пайдаланып жүрген медициналық бетперделердің алғашқы нұсқасы пайда болыпты. Дәрігерлер аурудың уланған ауа арқылы таралатынына сеніп, тұмсықты бетперде пайдаланған екен. Сырт көзге біртүрлі көрінгенімен, сол «тұмсық-

Ардагерлер дәрігерлерге дән риза

БЕТПЕРДЕ

ең алғаш көпшіліктен жасырыну үшін қолданылған



тың» іші улы ауадан қорғау үшін хош иісті шөптер мен дәмдеуіштерге толтырылған көрінеді.

XVIII ғасырда улы қалдық бөліп, түтін шығаратын зауыттар неғұрлым көбейген сайын, соғұрлым жағдай ушыға түскен. Сондықтан адамдар түтіннен қорғану үшін бетін шүберекпен орап жүретін болған.

Ал қазіргі біртүтік бетперделердің өзі өте жұқа болғанымен, жоғары тиімділікке ие және 3 микрометрден астам аэрозолдардың 95% тамшысын ұстап тұруға қауқарлы.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Жөтелудің де әдебі бар

Жөтелгенде немесе түшкіргенде ауыз бен мұрынды мына-тақпен немесе майлықпен жабу керек. Пайдаланылған шүберекті дереу қоқысқа тастауды ұмытпаңыз.

Көшеде қақырып-түшкіру айналадағы адамдардың ашуына тиіп қана қоймай, қоршаған ортаға вирус таратуы мүмкін. Қолмен бетті, мұрынды, көзді ұстамауға тырысыңыз. Себебі, қолдағы вирус көзге жұғуы мүмкін.

Қолды жиі жуу көп қатерден сақтайды.

Жөтеліп немесе түшкіріп жүрген адамнан кемінде бір метр қашықтықта болыңыз.

Өзіңізді нашар сезініп тұрсаңыз, үйде қалыңыз. Әйтпесе, тіркелген емхананыңға хабарласып, медициналық көмекке жүгініңіз.

Бетті әзірлеген Нұржамал ӘЛШЕВА.



ЖЕЛТОҚСАН–86

Өткен ғасырда, яғни 1986 жылы Кеңес Одағы құрамындағы Қазақ КСР-нің сол кездегі астанасы әсем Алматыда дүние жүзін дүр сілкіндірген Желтоқсан көтерілісі бұрқ ете қалғандығы тарихта мәлім. Сол оқиғаға биыл 37 жыл толса да, оның шынайы тарихы әлі толық зерттелініп, бүгінгі күні өзінің оң бағасын ала алмай отыр. Қазақ «Елу жылда – ел жаңа, жүз жылда – қазан» дейді. Дегенмен, алдағы 10–15 жылда ел тағдыры сынға түскен сол ызғарлы Желтоқсан қозғалысының қатпарлы қалтарыс тұстарынан шындықтың жүзі қылаң берері бек мүмкін деген ойдамыз.



«АЛЛАЖАР» – ЖЕЛТОҚСАНМЕН ЕГІЗ ҰҒЫМ

Ел қабырғасын қайыстырған осынау саяси астары бар қанды оқиғаға қатысқандардың тағдыр-талайына бей-жай қарай алмаған, елім дегенде өзегі өртенген көптеген ер-азаматтардың бірі Қалдыбай Әбенев еді.

Кинорежиссер, Қазақстан Кинематографистер одағының мүшесі Қалдыбай Торғайұлы Кеңес Одағында сталиндік саясаттың шоғы әлі сөнбей, жалыны бет қаратпай лапылдап тұрған шақта, яғни 1951 жылы 1 қаңтарда Шымкент облысы, Мақтаарал ауданы, Славянка ауылында дүниеге келеді. Ұлтжанды азамат 2020 жылдың 9 шілдесінде ұзаққа созылған ауыр дерттен 69 жасында көз жұмды.

Ол 1981 жылы Мәскеу қаласындағы Бүкілодақтық Мемлекеттік кинематография институтына (ВГИК) оқуға түсіп, оны 1986 жылы режиссура мамандығы бойынша бітіріп шықты. Белгілі режиссер Юрий Озеровтың кәсіби мектебінен тәлім-тәрбие алған әрі тумысынан еті тірі жігіт өз ісіне деген жауапкершілік пен құштарлықтың арқасында 1981–1986 жылдары БМКИ-да оннан аса студенттік фильмдердің авторы және қоюшы-режиссері болып үлгерді. Жеті қысқаметражды фильм түсіреді. Оқу бітірген соң Алматыдағы «Қазақфильм» киностудиясында еңбек етіп, «Поручик Батырхан», 1989 жылы «Шәкәрім» атты деректі фильмдердің жарық көруіне зор үлес қосады.

1989 жылы «Қазақфильм» киностудиясында, Кеңестер Одағының қылышынан қаны тамып тұрған кездері, сол кездегі ҚазКСР басшылығында Колбин отырғанда, бас бостандықтарынан айырылып, түрменің азабын көріп, кейін бостандыққа шыққан, рухтары сынбаған желтоқсандықтардың басын қосып, «Желтоқсан» ұйымының негізін қалады.

Ал 1986 жылы желтоқсан айында қазақ жастарының тәуелсіздік үшін алаңға шығып, сол кездегі отаршыл, әкімшіл жүйеге қарсы ой-пікірлерін білдірген қайғылы оқиғаға байланысты «Аллажар» көркем фильмін түсіреді. Жоғары шенді талай шенеуніктің табалдырығын тоздырып, құзырлы мекемелердің тезінен өтіп, үлкен ауыртпалықпен әуірімдеп жүріп түсірілген бұл көркемсуретті фильм ха-



лық көңілінен шықты. Талай ащы шындықтың бетін ашты.

1996 жылдың 17 мамырында «Арман» кинотеатрының екі бірдей залында Желтоқсан көтерілісінің 10 жылдығына орай, сол кездегі Қазақстан Республикасының вице-премьері Иманғали Тасмағамбетов пен Қалдыбай Әбеневтің өзі құрған «Желтоқсан» ұйымының қолдауымен «Аллажар» фильмінің тұсаукесері болды. «Арман» кинотеатрының қос залына толған көрермендер бірінің алдында бірі отырды, түрегеліп тұрғандар да сыймай тұрды. АНШЛАГ! Халық толқып, экрандағы көріністерден өздерінің таныс, туыстарын танып, жанұшыра айқайлаған халық өксіктерін баса алмай жылады. Деректі құжаттарға сүйенген Қалдыбай Әбеневтің «Аллажар» атты көркемсуретті, 4 сағаттық фильм 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің ақиқатын, қасіретін айғақтап көрсетті. Тұсаукесер өтісімен екі айдың көлемінде Қалдыбай Әбе-

новтің «Аллажар» фильмі туралы жүзден аса мақалалар газет-журналдарда тоқтаусыз басылды. Түркия, Швеция, Прибалтика елдері де жарыса жазды.

Міне, осылай барлық баспасөзде айтылып, жазылып жатты. Сонымен қатар, шетелдік «BBC» радиосы, «Азаттық» радиосы Лондоннан хабарласып режиссердан көптеген сұхбаттар алынды.

Өз кезегінде Қалдыбай ағамыз туралы ой-пікірлер аз жазылған жоқ деп ойлаймын. Әсіресе, «Аллажар» фильмінен кейін ол кісі туралы отандық және шетелдік БАҚ құралдары бірсыпыра құнды әрі деректі материалдар жариялады. Көзі тірісінде газет-журнал беттерінде өзінің берген сұхбаттары ауық-ауық болса да жарияланып, оқырман назарына ұсынылып тұрды.

Бүгінде марқұм ағамыздың өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беретін жеке заттары достарының арқасында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

орталық музейіне тапсырылып отыр. Музейдің негізгі қорына – 51, ғылыми-көмекші қорға – 57 арнайы актіленген заттар өткізілді. Олардың қатарында отандық баспаларда жарық көрген материалдар, пальтосы, папкасы, ұялы телефоны, мөрі мен мөртаңбасы, аттестаты, төлқұжаттар, афишалар, газеттер, журналдар, мақтау қағаздары, марапаттар, кәдесыйлар, төсбелгілер және жеке тұлғалармен бірге түскен фотоқұжаттар бар.

Солардың арасында әр жылдары жарық көрген Ерлан Декелбаевтың «Аллажар» фильмі хақында» («Жас Алаш», №149, 13. 12. 2001 ж., 5 б.), Көлбай Адырбекұлының «Казхское дело. 32. Қалдыбай Әбенев («Түркістан», №51 19.12. 2013 ж., 9-10 бб.)» деген мақалаларын, «Күн күркіреп, найзағай жаркылдайды». «Парасат», №12, желтоқсан, 2013., 24 б.) журналист Жәнібек Ғалымға берген сұхбатын және ҚР Парламенті Мәжілісінің бұрынғы депутаты В.Земляновтың «Власть покушалась на самое ценное – на интернационализм» («Мегаполис», № 49 (108) 12. 12. 2022 ж., 25 б.) деген мақаласында «Аллажар» фильміне берген пікірін де ерекше атап өтуге болады.

Сондай-ақ, бұл жәдігерлер еліміздің жас буын өкілдерін отансүйгіштік бағытта тәрбиелеуге қатысты мәдени іс-шаралар, яғни ақылы және ақысыз лекциялар, музейлік сабақтар мен экскурсиялар өткізуде танымдық тағылымы мен тәрбиелік мәнін арттыра түсері сөзсіз.

Бұл материалдарды Қалдыбай Әбенев атындағы «Барыс» шығармашылық студиясының жетекшісі, шәкірті, Желтоқсан көтерілісіне қатысушы, «Аллажар» фильмінде режиссердің көмекшісі қызметін атқарған Ерлан Декелбаев, сондай-ақ, Қалдыбай Әбенев туралы зерттеу мақаланың авторы, журналист-жазушы Көлбай Адырбекұлы, Қ.Әбеневтің зайыбы Гүлжанат пен ұлы Фараби өткізді.

Ақмарал РАХМЕТОВА,
ҚР МОМ қорды есепке алу
бөлімінің жетекшісі.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

АУДИОСПЕКТАКЛЬ-ЭКСКУРСИЯ

Өтетін орны:
Алматының Бас
ботаникалық бағы.
Күні мен уақыты:
16 желтоқсан,
сағат 15.00, 17.00.



СУРЕТ ӘЛЕМІ

Өтетін орны:
«Алма»
шығармашылық
академиясы.
Күні мен
уақыты:
16 желтоқсан,
сағат 11.15.



«СҰЛУ ӘЙЕЛ»

Өтетін орны:
«Жас сахна» театры.
Күні мен уақыты:
16 желтоқсан,
сағат 19.00.





КӨРМЕ

АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

үлкен жолға бастайды



Алматы музейінде «Tokkozha Art Studio» балалар мен ересектерге арналған өнер студиясының ашылғанына екі жыл толуына орай «Алғашқы қадам... (үміт алда)» көрмесі ашылды. Экспозицияда аталмыш өнер студиясы оқушыларының 100-ге тарта, ал мұғалімдерінің 32 жұмысы ұсынылды.

Осы орайда айта кетсек, «Tokkozha Art Studio» балалар мен ересектерге арналған өнер студиясының жетекшісі Токкожа Қожағұлов шығармашылық ортада танымал суретшілердің бірі. Өнер саласына байланысты қазақ тілінде 4 оқу құралы, 2 томдық «Зергерлік өнер әлемі» және «Зергерлік өнер жинақтары» шыққан. Сондай-ақ, ұзақ жылғы шығармашылығымен байланысты «Тұлғат», «Үнсіз музыка» атты еңбектері жарық көрген. Шығар-

машылық иесінің көркем туындылары Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, музейлерінде және Ресей, Түркия, Алмания, Балтық жағалаулары елдері мен өзіміздің Қазақстан азаматтарының жеке қорында сақтаулы.

Өнер иесі өзінде барды жас ұрпаққа және қылқаламға жақын ересектерге үйретсем дейді. Алғашқы аяқ алысы жаман емес. Міне, бүгінгі көрме соның айғағы.

– Көрмемізді «Алғашқы қадам... (үміт алда)» деп қойған себебіміз, біз-

ден дәріс алуға, үйренуге келетін жандардың дені балалар, өнерді сүйетін өрендер. Осындай сезімтал балалардың өсіп келе жатқанына қуанамын. Айналасына бей-жай қарамайтын, қоғамда болып жатқан құбылыстарды ойлегінен өткізіп, ақ қағаз бетіне бедерлей бастаған жеткіншектердің болашағынан көп үміт күтеміз. Бәрі алда, – дейді ҚР Суретшілер одағының мүшесі, ҚР Көркем академиясының корреспондент-мүшесі, профессор Токкожа Қожағұлов.

Иә, балалардың балғын туындылары бізді де баурап алды. Олардың түрлі түстерді шебер қолдана, ойната білуі және ойын, көзқарасын сурет арқылы жеткізе білу тәсілдері ұнады. Бұл көрме талай балаға шабыт сыйлап, алға жетелегені сөзсіз.

ТҰСАУКЕСЕР

Алматыда ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің және ҚР Ұлттық мемлекеттік кітап палатасының ұйымдастыруымен «Жаңа қазақ әдебиеті» жобасы аясында жарық көрген он төрт кітаптың тұсаукесері рәсімі өтті.



«ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» жобасы аясында 14 кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті

Рәсімге Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат вице-министрі Арман Жүдебаев, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Нұржан Қуантай және қоғам қайраткерлері, белгілі қаламгерлер, мемлекеттік бағдарламамен жарыққа шыққан кітап авторлары мен кітапты шығарушы баспагерлер, кітапхана қызметкерлері қатысты.

«Мемлекет басшысы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда кітап индустриясын дамытуға баса назар аударғаны белгілі. «Жаңа қазақ әдебиеті» сериясымен шыққан кітаптардың тұсаукесері Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асырудағы үлкен қадамдардың бірі. Бұл сериямен бұрын жарық көрмеген, әдебиетке тың серпін берген және қазақ әдебиетінің жаңа келбетін қалыптастыруда айрықша орын алатын әдебиеттер басылып шығатыны баршаңызға мәлім. Жаңа қазақ әдебиеті өкілдерін қолдау министрліктің әрдайым назарында», – деді Арман Жүдебаев.

Іс-шараға қатысушылар қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін талқылады.

«Жаңа қазақ әдебиеті» жобасы «Әдебиеттің әлеуметтік маңызы турлерін сатып алу, басып шығару және тарату» республикалық бюджеттік бағдарламасы аясында өткен жылдан бері қолға алынған бірегей бастама. 2022 жылы осы бағдарламамен 10 автордың кітабы жарық көріп, әрқайсысы 3 мың данамен еліміздің түкпір-түкпіріне жеткізілді. Биыл жарыққа шыққан 14 кітаптың барлығы да еліміздегі кітапханалардың қорын толықтырады.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».
(Дереккөз: <https://ortcom.kz>).

«ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ»

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ

жиі насихатталуы керек

Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің өкілдері «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күндік белсенділік» ақпараттық науқаны аясында «Зорлық-зомбылықсыз отбасы» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізді.

Бұл іс-шарада тұрмыста және отбасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, зорлық-зомбылық түрлері мен салдары, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, әлеуметтік-мәдени институттар мен мемлекеттің атқаратын рөлі тұрғысындағы мәселелер қаралды.

«Дағдарыс орталықтары одағы» ЗТБ басқарма төрағасы, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның мүшесі Зулфия Байсақова, «Қазақстанның тең мүмкіндіктер институ-



ты» ҚК президенті, «ARASHA» тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандары баспанасының директоры Маргарита Ускембаева, «Әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылыққа нөлдік

төзімділік мәдениетін қалыптастыру», «Жарық сәулесі» Орталық Азияның азаматтық қоғамы ұйымының өңірлік желісінің мүшесі, «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығының дамыту жөніндегі

директоры Нұржамал Иминова, «Алматының SOS балалар ауылы» жеке білім беру мекемесінің директоры Динара Жүнісова, Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі директорының орынбасары Мөлдір Бигелдиева сөз сөйлеп, аталған тақырыпты жан-жақты тарақтты.

«Дөңгелек үстел» басындағы әңгімеде жасөспірімдерді музейге, мәдениет, руханият орындарына, шығармашылыққа көптеп тарту туралы қозғалды. Отбасы құндылықтарын нығайту және адами қарым-қатынастар мәдениетін қалыптастыру мәселелеріне назар аударып отырып, жастарға бұл бағытта музей де үлес қоса алатыны тілге тиек болды. Ал қоғам белсенділері, өнер қайраткерлері Л.Дроздова, И.Гущин, М.Жұмағұлова әлеуметтік бағдарламаларды іске асырудағы мәдениет мекемелерінің рөлін және жалпы өнер атаулының адамның тұлға ретінде қалыптасуына, рухани-адамгершілік тұрғыда дамуына оң әсерін атап өтті.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?



«АЛДАР КӨСЕ»

Өтетін орны:
Абай атындағы Қазақ ұлттық опера және балет театры.
Күні мен уақыты:
17 желтоқсан, сағат 18.00.



«СЫҒАН СЕРЕНАДАСЫ»

Өтетін орны:
М.Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театры.
Күні мен уақыты:
17 желтоқсан, сағат 18.30.



«МУХА cabaret»

Өтетін орны:
АРТИШОК театры.
Күні мен уақыты:
17 желтоқсан, сағат 19.00.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



● ДЕРЕКТЕР МЕН ДӘЙЕКТЕР

ҚАЗАҚТАР МЕН КАЗАКТАР

Белгілі ғалым Мұрат Әбдіровтың еңбегі осы уақытқа дейін неге тарихи дұрыс бағасын ала алмай келеді?

Ақтаңдақ жылдар ақиқатын ашқан зерделі зерттеу

Тарихи туынды егемендігін жаңа еншілеген Қазақ ғылымы үшін үлкен сый, әрі ақиқат пен шындықты жариялаған зерделі еңбек. Шығарма бүркеулі жатқан тарихи ақтаңдақтар кезеңінің бір бөлігін ашып беріп, салалық ғылымға үлкен жаңалық әкелген еді...

Жалпы, белгілі тарихшы Мұрат Әбдіровтың көп салалы ғылыми зерттеулерінің ішінде «История казачества Казахстана» атты еңбегінің шоқтығы биік шығарма. Дәл осы тақырыптағы терең және жан-жақты ақиқат аксиоманы, ақиқат тарихты Мұрат Әбдіров сияқты әлі ешкім ашып бере алмады. Бұл ашы да болса шындық...

Ресей империясына қараған барлық ұлттар казак отрядтарынан зорлық-зомбылық пен қоқан-лоққыны көп көрді. Кавказды, Сібірді, Қазақстан мен Орта Азияны жаулап алу үшін жүргізген патша өкіметінің сан ғасырлық саясатында казак отрядтары әрқашан алғы шепте болды. Ресей өкіметі үнемі қару-жарак, оқ дәрі, басқа да керекті заттармен қамтамасыз етіп отырғандықтан оларға көрші халықтарға шабуылдау оңайға тиді. Себебі, казактар қарудың ең жаңа, ең қолайлы түрімен қаруланса, шабуылға ұшыраған халықтарда ештеңе болмады. Сондықтан казактар өз тарихында оңай олжаға құнығып, көршілес халықтарға өмір бойы зорлық жасап, тонап келді және патшалық Ресей шекарасын кеңейтуге көп еңбек сіңірді.

«История казачество Казахстана» кітабын оқыған адам казачество тарихымен толық таныса алады және Ресей империясының қазақ халқына казак отрядтарының көмегімен істеген қиянатының, зорлық-зомбылығының куәсі болады. Кітап бес тараудан және кіріспе мен қорытындыдан тұрады.

Зерттеуде казактардың отаршыл Ресей өкіметінің тарихындағы алатын орны туралы жалпы түсінік берілген. Орал-Жайық казактары туралы жан-жақты мағлұматтар беріліп, жіті зерделенген. Орал казактары Жайық өзеніне үстемдік ету үшін ғасырлар бойы жергілікті казактармен соғысты. Ресей империясы қару-жарақпен қамтамасыз етіп отырған олар кезінде қазақ еліне сұғына кіріп, шабуылын жиілетіп, жергілікті халықты жөбірледі. Қазақ халқы өз жерін қорғау үшін казактармен ғасырлар бойы шайқасты, қан төкті, екінші тарауда осындай қиян-кескі шайқастар мен тарихи оқиғалар нақты дәлелдермен баяндалады.

Тарихи оқиға қазақ әдебиетінде шығарма арқауына айналуы керек

1917 жылы Қазан төңкерісі болғанда орал казактары жүгенсіздік пен бұзақылықтың шырқау шыңына көтерілген еді. Олар Кеңес өкіметіне қарсы шықты. Ресейге қараған көп халықтың көз жасын төккен, қанын жүктеген жүгенсіз казактарды большевиктер өкіметі де аямай қырды... Қызыл әскерден ойсырай жеңілген Орал казактарының атаманы генерал-майор В.С.Толстов 1920 жылы Атырау, Маңғыстау арқылы Иранға қашуға мәжбүр болды. Міне, осы тарихи оқиғалар кітапта нақты құжаттармен жазылған...

Реті келгенде айта кеткен жөн, атаман В.С.Толстов Кеңес өкіметінен қашып бара жатқанда Маңғыстау казактары осынау бас кесерлер тобынан мықтап кек алған еді. Мәселен, атаман В.С.Толстов әскерінің жүретін жолындағы құдықтарды көміп тастап, оларды шөлмен қатырды. Жолбасшылық жасағанда әдейі құдықтары көміліп қалған жерлермен жүргізіп, жалпағынан басып жүрген баскесерлерді сусыз және азық-түліксіз қалдырды. Аңдып жүріп, аттарын алып кетіп, әскерін жаяу қалдырып, діңкелетті. Олардың өліктері Маңғыстауда ит-құсқа жем болып, сұлап жатты. Атаманның өзі азғантай жасағымен, әрине төзімді адай жылқысын мінгендері ғана, Иран жеріне жетсе керек. Таңдаулылар қатарында саналған казак әскерінің бір үлкен бөлігінің басындағы осы бір ауыр күндер жайлы атаман В.С.Толстов Иранда жан сақтап жүріп

Белгілі ғалым Мұрат Әбдіровтың 1994 жылы «Қазақстан» баспасынан жарық көрген «История казачества Казахстана» атты кітабы біздің түйсігіміз бен дүниетанымымызға түн қараңғылығын тіліп, жол ашқан жарықтай әсер етті. Алайда, аса күрделі тақырып зерделенген, Мемлекеттік сыйлыққа лайық бұл тарихи еңбек осы уақытқа дейін дұрыс бағасын ала алмай келеді. НЕГЕ?



(Сурет: kk.wikipedia.org) Қазақтар мен казактардың шайқасы (А.О.Орловский, 1826)

жазған өзінің күнделігінде: «Егер күнім туып Ресейге қайта оралсам, алдымен адайларды түгел құртамын» деп жазыпты. Толстовтың бұл жазба-естелігі Мәскеуде сақтаулы...

Өттең, осы тарихи оқиға әлі күнге дейін қазақ әдебиетінде шығарма арқауына айнала алмады. Тек қана Ә.Нұрпейісовтың «Қан мен тер» трилогиясында Кәлен батырдың бейнесі арқылы, онда да Маңғыстау елі емес, Арал еліне қатысты оқиғаларда көрініс тапты.

Есесіне атаман Толстовтың арманын большевиктер өкіметі «артығымен» орындады. Ресей империясынан ұзақ жылдар бойы зорлық-зомбылық көрген халық жаңа өкіметтен көп жақсылық күткен еді. Төңкерістен кейін азамат соғысы біткен соң тыныштық орнап, ел ішінде өзгеріс ене бастағанда қазақ халқы жаңа өкіметке үлкен үміт артты. Көп ұзамай тыныштықтың шырқы бұзылды. 1928 жылы халық малдан айырылды, интеллигенция қуғын көре бастайды. 1931 жылы халық ашаршылыққа ұшырайды. Сонда Маңғыстау мен Ақтөбе аймақтарындағы өзегі талған халықтың тірі қалғандары оңтүстікке ауып кетті. Қазактардың көп бөлігі Түркіменстанға, одан әрі Иранға ауып кетті. Қандастарымыз Иранда және басқа елдерде әлі күнге дейін тіршілік етіп жатыр...

Озбырлық пен қиянат, ұлт-азаттық көтерілістер

Кітаптың үшінші тарауында патша өкіметінің Орынбор арқылы Қазақстанға кіруі, озбырлықпен билеп-төстеуі, казак отрядының Қазақстандағы шұрайлы жерлерді иеленіп, жергілікті халықты шөл далаларға ығыстыруы, Жоламан Тіленшіұлы, Исатай Тайманов, Жанғожа Көтібарұлы және Кеңесары Қасымұлы сияқты халқымыздың талантты ұлдары басқарған ұлт-азаттық көтерілістері нақты тарихи құжаттармен баяндалған. Ақыры Кеңес өкіметі орнағанда казактар біржола жеңіліп, атаман Дутов басқарған топ Қытайға қашуға мәжбүр болды.

Кітаптың төртінші тарауында Омбы қаласына бекінген казак отрядтарының казактармен көп жылға созылған қақтығысы баяндалған. Сібірдегі Көшім ханды талқандаған соң патшалық Ресей казак отрядтарын Қазақстанның Солтүстік жағын отарлау үшін пайдаланады. Жергілікті казактарды ығыстырып, шұрайлы жерлерді иеленген казактар бекіністер салып, жылдан-

жылға күшейе береді. Кеңесары көтерілісі басылған соң Оңтүстікке жол ашылады. Жетісу, Іле алқабы, Шу бойы Ресей құрамына кіргенде Жетісу казактары тобы құрылады. Осы бөлімде патша өкіметі мен казактардың Жетісудағы озбырлығы, қазақ халқының көрген қорлығы мен жәбірі бүге-шігесіне дейін нақты тарихи дәлелдермен сипатталған.

300 жылдық қақтығыс: нақты тарихи деректер

1580–1730 жылдардағы 150 жылға созылған казак пен казак арасындағы қырғын соғыс жайлы Мұрат Әбдіров: «...С конца XVI – начала XVIII в. начинается ожесточенная и кровополитная, длившаяся 150 лет, казахско-казацкая война. С этого момента вся история взаимоотношений казахов с яицкими /Жайық өзені/ казаками заполнена взаимными набегами, враждой захватом пленных и угоном скота. Борьба шла не на жизнь, а на смерть, с переменным успехом, и в этой борьбе не было ни победителей, ни побежденных, никто не хотел уступить», – деп жазған болса, казак елінің басына түскен соншама ауыртпалық туралы: «...Многострадальная казахская земля обильно полита кровью наших предков, отстаивших право на мирную жизнь на древней, исконно своей территории...», – деп жан-жақты анықтама береді.

Ал екінші 150 жылдық (XVIII бен XIX ғасырлар) аса қиын кезең туралы Х.Досмұхамедов: «...Осы екі ғасырдағы патша өкіметінің жұмысы қазақты әбден бағындырып алып, қазақты көпір қылып Азияға аттау еді. Қазақтың амалы таптайын деп тұрған патша өкіметінен құтылу болды. Дәуірлеп келе жатқан орыс байларының капиталымен жасауласам деп, Кіші жүздің жүз жарым жылдай тарихы қанмен жазылғандай болды», – деп бейнелейді.

Ең бастысы, ғалым казактар мен казактардың тағдырына байланысты барлық қолжетімді деректерді қамтып, Қазақстан тарихының жабулы қалған ақтаңдақ кезеңінің ақиқатын ашқан. Кітаптың әрбір тарауы қысқаша жазылған, бірақ шын мәнінде әрқайсысы бір монография болатын мәліметтерге толы. Осы зерттеу негізінде ондаған тарихшылар диссертация қорғайтын-дығын біз сол кезде айтып едік. Дәл солай болды, яғни талай тарихшыларға бұл

деректер нәпақа табу көзі болғанын айтқан жөн...

Кітаптың орыс тілінде жазылуы оның аса бір құндылығы дер едік. Себебі, бұл күнде «казак ұрпағымыз» деп жүрген дүмбілез-дердің көпшілігі орыс тіліндегі әдебиеттерді оқиды. Қазақ – казак қатынасы тарихына Мұрат Әбдіровтың осы зерттеуі көп жаңалық алып келді. Тарихымыздың осынау саласында өзінен кейінгі зерттеушілерге жаңа бағыт пен жол көрсетті. Оның табанды, ізденгіш, еңбекқор ғалым екенін барлық зерттеулері артығымен дәлелдеді.

Автор 300 жылға созылған қанды оқиғаларды екі кезеңге (әрқайсысы 150 жылдан) бөліп қарастырады. Сол кезеңдер туралы жасаған жоғары дәрежедегі классикалық қорытындылары мен тұжырымдары теңдесі жоқ жаңалық екенін мойындаған біз кітап шыққан 1994 жылы төбеміз көкке жеткендей қуанып, авторға шексіз алғысымызды айтқанбыз...

Тарихшы қазақ пен казак арасындағы бұл 300 жылдық қырғын соғыс түйінін: «...Они были хорошо вооружены и обучены, прекрасно организованы, дисциплинированы, обладали громадным опытом борьбы с покоренными народами. Вот с такими отборными воинскими отрядами 300 лет воевали казахи за свою свободу и независимость, отстаивая родную землю...», – деп таркатады.

• Қазақ еліне толассыз шабуыл жасаған казактардың жауыздығы мен зұлымдығы туралы орыс тарихшылары да жазған.

А.РЯБИНИН: «...У яицких казаков был один смертельный враг – это киргизы (т.е. казахи). Они были «враги неумоимые, настоячивые, не знавшие ни страха, ни усталости. Яицкие казаки вели против них войну настоящую и ожесточенную».

А.КАРПОВ: «...Раз это киргиз – то враг, заклятый враг и все, что носило на себе киргизский облик, все уничтожалось, билось казаками на смерть, целые аулы, старцы, жены – все истреблялось; убивались дети и грудные младенцы, – «вырастут – укусят!» говорили казаки и поднимали их на копыя. Истреблять басурманина – такова была миссия казака того времени, миссия, освященная церковью», – деп соғыстағы түрлі зұлымдықтарды жазды...

Қазақ ауылдарын шапқан казактардың жүкті әйелдердің қарнын жарып, ішіндегі шарананы найзаға түйреп көтерген жауыздықтары фашистерден де асып түсті.

Міне, осындай зұлымдық пен қиянаттан елін, жерін қорғаған Қазақ елінің казактарға қарсы жанкешті соғыстары патриотизм мен батырлықтың және ерліктің шыңы еді. Орыс зерттеушілерінің өзі халқымыздың атамекенін қорғаудағы бұл ерліктері мен қаһармандықтары туралы: «...В степи казах почти непобедим, говорили о них, а в ручной схватке физическая сила, ловкость владеть холодным оружием и управлять конем дают ему величайший перевес над царскими войсками...», – деп жазды.



Самат ӨТЕНИЯЗОВ, т.ғ.к., Мадрид университетінің және Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессоры.



АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ, АЛҚАКӨЛ СҰЛАМА – 300

Қазақ ұлтының, қазақ халқының басынан өткен сан қилы тарихи кезеңдердің шындығын жеткізетін, баяндап беретін, әрине, ең алдымен қазақ дастандары, қазақ жыраулық поэзиясы, қазақ эпосы екенін жақсы білеміз.

Танымдық, тарихи, көркемдік тұрғыда бағасы өлшеусіз, биік құнды мұрамызды еліміз, ұлтымыз ұрпақтан-ұрпаққа аманат-таумен келеді. Осынау қымбат мұраны болашақта да көздің қарашығындай сақтауымыз қажет.

• Қазақ халқының мемлекет ретінде мүлдем жойылып кету қаупін тудырған, елді қан-қасап қырғынға ұшыратқан «Ақтабан шұбырынды» оқиғалары екі ғасыр бойында жыраулық поэзияның басты тақырыбына, алтын арқауына айналғанын екі әйгілі жыраулардың шығармашылығы айқын аңғартады. Бірі – Ақтамберді жырау Сарыұлы (1662–1752), екіншісі – Бұқар жырау Қалқаманұлы (1684–1782).

Екеуі де қазақтың жыраулық поэзиясының көш басында тұрған үлкен дарындар. Екеуі де мемлекеттік, ұлттық деңгейге көтерілген тұлғалар. Ханның кеңесшісі, ақылгөйі, ел абыздары дәрежесінде болған тарихи қайраткерлер.

Ақтамберді жырауды халық жоңғарларға қарсы жорықтар кезінде қол бастап, ерлік көрсеткен батыр, өткір жырларымен, отты сөздерімен қалың қауымға әсері күшті болған жалынды жырау деп санайды. Мысалы, оның әйгілі толғауларынан бір-екі мысал:

*Жоңғардан көрген қорлығым,
Сарысу болды жүрекке.
Он жетіде құрсанып,
Қылыш ілдім білекке.
Жауға қарай аттандым,
Жеткіз деп Құдай тілекке.*



АҚТАМБЕРДІ ЖЫРАУДЫҢ
ТУҒАНЫНА 345 ЖЫЛ

(Сурет: e-history.kz)

Он жеті жасында жауға қарсы аттанған жас батырдың, жас жыраудың бейнесін көреміз. Ары қарай:

*Жауға шаптым ту байлап,
Шепті бұздым айқайлап.
Дұшпаннан көрген қорлықтан,
Жалынды жүрек, қан қайнап.
Ел-жұртымды қорғайлап,
Өлімге жүрміз бас байлап.
Көкорай шалғын, көк майса,
Сырдың бойын жайладық...
Жетісу, Балқаш, Ұлытау,
Сауық құрып тойладық.
Үдере көшіп қонған жер,
Тоқырауды бастан кешкен жер,
Сарысу мен Атасу,
Бермекпіз кімге алшы деп?!*

Бұл жерде мамыражай, берекелі өмір кешкен, бейбіт жатқан қазақ елінің суреті де, тұтқиылдан тап берген, қанды қырғынға душар еткен жоңғар шапқыншылығы да,

Қазақ жыраулық поэзиясы:

ҰЛТ МҮДДЕСІН ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР

қазақ халқының басынан өткен сан қилы тарихи кезеңдердің ащы шындығын жеткізді

(ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ: «Қазақ хандығы дәуірі: Аласапыран жылдар ақиқаты»; «Азаттық күресінің ақтаңдақтары», «Алматы ақшамы», №143-144, №146)



(Сурет: <https://sputnik.kz>).

үдере босқан, көтеріле көшкен ел тағдыры да, жалғыз жүрегін оққа төсеп, жан берген, қан төккен, бір сүйем туған жердің топырағы үшін жанқиярлықпен жауға қарсы шапқан сандаған ержүрек қазақ батырларының ерен ерлігі де, жеңістері мен жеңілістері де бейнелі тілде көрініс тапқан...

Ақтамберді де, Бұқар жырау да Жоңғар шапқыншылығына арналған барлық толғауларында ұлт мүддесін, қазақ тағдырын бірінші орынға қойған.

Бұқар жырау айтады:

*Өлетұғын тай үшін,
Қалатұғын сай үшін,
Қылмаңдар жанжал, ерегес...
Айнала алмай ат өлсін,
Айыра алмай жат өлсін,
Жат бойынан түңілсін,
Бәріңіз бір анадан туғандай болыңыз!*

Тағы да ел бірлігі, ұлттың тұтастығы! Иман, тәубе, қанағат керек дейді жырау.

Адам дүниеге тоймайды. Дүние, байлық адамға опа әкелмейді, қайғы, қасіретке душар етеді. Байлық, дүние үшін «қылмаңдар жанжал, ерегес» дейді.

Өз елінді өзін тонама, шет елге асырма, дүниенді жасырма! Халықтың қарғысына ұшырайсың деген астарлы идея жатыр Бұқар толғауының тереңінде.

«Ақтабан шұбырынды» кезеңі туралы Бұқар жырау тағы былайша толғайды:

*Шығыстан жоңғар жабысты,
Аяққа басты намысты.
Қызыл қарын жас бала,
Еңкейген кәрі ата-ана,
Қысымы қушті қорлықтан,
Озыр – үкім зорлықтан,
Қан жылады, зар ішті.
Сырдан ауып келгенде,
Ел тыныштық көргенде,
Іргені белден көмгенде,
Шүрішті қалмақ жау болды.*

Бұл жырда енді жас бала, кәрі ата-ана демей, аяусыз қалың елді қынаша қырған жоңғар, қалмақ қанішерлігін, жаулығын әшкерелейді. Бұл шапқыншылықтан елім «қан жылады, зар ішті, жапа шекті» деп жүрегін қарс айырылады.

«Ақтабан шұбырынды» заманында ел басына түскен қайғы, қасіретті, ауыр нәубетті жыраулардан асырып, жыраулардан терең, бейнелі тілде жырлаған көркем туындылар жоқ.

Бұл толғаулар қазақ тілінің құнары, бейнелілігі, суреттілігі, танымдық тереңдігі, көркемдік поэтикасы жағынан қазақ әдебиетінің інжу-маржаны болды десек, қателеспейміз.

Өз замандастары кезінде «Көмекей әулие» деп атап кеткен жырау соңғы толғауында күллі қазақ еліне, қазақ жұртына ұран тастап:

*Жауға қарсы барыңдар,
Кеткен жерді қайырып,
Ежең ханнан алыңдар!
Дағыра дабыл ұрыңдар,
Қамданыңдар тұрыңдар,
Бет күйдірген айбатпен,
Тас үгіткен қайратпен,
Жау әскерін қырыңдар! –* дейді.

• Сонау Бұланты, Аңырақай шайқастарында жауды жапырып, жайпап жіберуге бастаған рухты, ұранды поэтикалық сарын бір ғасырдан кейін, яғни он тоғызыншы ғасырда Ресей отарлаушыларына қаймықпай қарсы шыққан, алмас қылыштай айбарлы, өткір толғаулар жазған қазақтың соңғы жырауы Махамбет Өтемісұлы жырларында шырқау биікке көтерілді. Алдаспандай жарқ-жүрқ еткен Махамбеттің өзі де семсері селт етпеген күйде төтелей келген ажалды айылын жимай, қасқайып тұрып қарсы алды...

«Ақтабан шұбырынды» тақырыбы қазақ дастандарында да көп жырланды.

Қанды қол жоңғарлардан ығысқан халықтың барлығы бей-берекет қаша бермей, әр рудан шыққан ержүрек батырлар көшкен елдің аман-есен ұзап кетуіне жағдай жасау үшін кішігірім тосқауыл, қорғаныс соғыстарын жүргізе отырып шегінген. Осындай оқиғалар, мысалы, «Өтеген батыр» жырында баяндалады. Жырда Өтеген батырдың жоңғар батыры Сабан Тайшықты жекпе-жекке шақырып, оны найзамен шаншып өлтіргені айтылады.

Міне, қазақ батырларының қиян-кескі қарсылығына ұшыраған қалың жау Түркістан, Ташкент қалаларын 1724-1725 жылдары ғана жаулап ала алды. Капитан Унковский өз жазбасында: «Жоңғар әскерлерін басқарған Шона-Дабы қазақтардың Ташкент, Сайрам, Қарамұрт деп аталатын үш қаласын, мыңдаған адамдарды тұтқындап, Қоңтежі ұлысына жіберген», – деп жазған.

«Ақтабан шұбырындыда» үш жүздің қазағы Орта Азияға қарай ауып көшкенде, одан қайтадан туған жерге кейін қайтқанда көп қиындық көреді. Талай ашыршылықты бастан кешіреді. «Қайың сауған» деген теңеу осы кезеңнен қалған. Ажалы жетпей тірі қалғандар өліп-талып Арқаға жетеді.

Бұл тарихи оқиғалар да қазақ дастандарында көп суреттелген. Мысалы, Дулат Бабатайұлының «Ер Еспембет» дастанында жоңғарға дес бермеген қазақ батырларының жиынтық бейнесі сомдалған.



(Сурет: www.facebook.com)

Тарихшы Мұхамеджан Тынышбаев «Ақтабан шұбырынды» атты еңбегінде Орта жүздің негізгі бөлігі Сырдариядан өтіп, Орта Азияға көшкенде, арғын руы олай қарай кетпегендігін айтады. «Олар Солтүстік-Батысқа, Торғай өңіріне қарай ауады», – деп жазады.

Айта берсек, бұл ұзақ әңгіме, ұлан-ғасыр тарих. Осынау алмағайып заманнан да ұлтымыз, Құдайға шүкір, аман қалды.

Тәуелсіздікке қолымыз жетті. Егемен ел болдық. Осы тұста сол жазықсыз жапа шеккен, кінәсіз қырылған аруақтарды еске алып, дұға бағыштап, қазақ басындағы қилы кезеңді қайта тірілтіп отырғанымыз орынды. Қайырлы болсын.

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының
хатшысы,
филология ғылымының докторы,
профессор,
Қазақстанның еңбек сіңірген
қайраткері.



МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

ЖАСА МӘНГІ, ҚАЗАҚСТАН!

Осыдан 8 жыл бұрын дәл осы жерде құлауға шақ өте ескі балабақша ғимараты болатын. Елу жылдан астам тарихы бар ескі ғимараттың бір күні құлап түсерін ойлаудың өзі қорқынышты еді. Ақыры, ескі ғимарат сүріліп, болашақ ұрпақ қамын ойлаған ел азаматтары тәуекелге бел буды. Осылайша үш айдың ішінде барлық талапқа сай, бес қабатты, 230 орынды балабақша бой көтерді. Медеу ауданында ашылған заманауи балабақша №125 бөбекжай-балабақша атауына ие болып, Тәуелсіздік мерекесінде бүлдіршіндердің игілігіне берілді.

Рая
ЕСКЕНДІР

Балабақша бүлдіршіндерінің қатысуымен ұйымдастырылған «Жаса мәңгі, Қазақстан!» атты мерекелік әдеби-сазды бағдарламаға Медеу ауданының мектепке дейінгі мекеме басшылары қатысты. Мерекелік кешті қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Төлепбергенқызы ашып, аталмыш мекеменің жас ұрпақ тәрбиесінде алар орнының ерекше екеніне тоқталды. Осынау қызық та, жауапты жұмыстың басты мақсаты – еліміздің ертеңі болар жас ұрпақ тәрбиелеу екенін баса айтты. Ұжым қызметкерлерінің еңбегіне табыс, ең бастысы, бала тәрбиесінде сабырлық, жауапкершілік тіледі. Келесі кезекте осынау балабақшаның құрылысын жүргізген ел азаматы Мұрат Әділханұлы сөз кезегін алды.

– Халқымызда «Ел боламын десең, бесіңді түзе!» деген жақсы сөз бар емес пе? Мен үшін де бүгінгі күн өмірімде ерекше орын алады. Кезінде өзім көпбалалы отбасында өстім. Анам қолымнан жетелеп апаратын сол бір балабақша әлі күнге көз алдымда. Ауылдағы балабақшаның жағдайын өздеріңіз де білесіздер ғой. Сол кезден «кейін азамат болып ержеткен кезімде балақайлардың еркін өсуіне толық жағдайы бар балабақша салсам ғой, шіркін» деп армандаушы едім.

Ұзақ жылдар бойы ойымда жүрген азаматтық борышымы осы балабақшаны салып бітіргенде өтедім-ау деп ойлаймын. Жалпы, балабақша салып, оны мемлекетке өткізетін жоба жоққа тән еді. Мемлекет басшысы қолдау білдіріп, қала әкімдігі сенім білдіріп жатса, неге оны жүзеге асырмасақ! Мен осынау жобаны әрбір кәсіпкер азаматтың қолдап, әрі қарай жалғастыра-

тынына сенемін. Әлі талай ғимарат бой көтеріп, халқымызға қызмет ететін болады.

Осындайда ұлт тәрбиешілеріне мына бір мысалды айта кетсем деймін. Бұлбұл деген керемет құс бар ғой. Сол құс балапанының әбден қанаты қатайғанша құлағын қанатымен жауып өсіреді екен. Онысы басқа құстардың дауысын естіп, өздеріне ғана тән дауысты өзгертіп алмасын дегені болса керек.

Міне, құс екеш құс осылай жасап жатса, бізге неге ана тілін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелемеске. Осы бүлдіршіндердің арасында болашақ ұлт мақтаныштары, ел азаматтары жүр. Тек оларға рухты тәрбие берілсе болды. Отбасында берілген тәрбиені, балабақша ұштай түссе, біздің ұтарымыз анық, – деді Мұрат Әділханұлы.

Ел азаматы мереке соңында балабақша бүлдіршіндеріне арнайы әкелген сыйлықтарын үлестірді.

ЦИФРЛЫ ҚАЛА

ІТ ЖӘНЕ СТАРТАП ЭКОЖҮЙЕСІН ДАМУ

Шаһарда Қазақстанның бүкіл ІТ компанияларының 65 пайызға жуығы шоғырланған

Алматының Ұлттық баспасөз клубында «Алматы қаласының ІТ және стартап экожүйесін дамыту» мәселелері бойынша баспасөз конференциясы өтті. Баспасөз конференциясында Алматы қаласы Цифрландыру басқарма басшысының орынбасары Серік Байғанин, MOST Holding негізін қалаушы және басқарушы серіктес Павел Коктышев, «Beksar» CEO негізін қалаушы Мақсат Бектібаев және «Attractor School Almaty» директоры Иван Ардамин спикер болды.

Досбол
АТАЖАН

– Алматы қаласында ІТ саласы маңызы жағынан басым бағыттардың бірі болып қала береді. Шаһарда Қазақстанның бүкіл ІТ компанияларының 65 пайызға жуығы шоғырланған. Алматы қаласының әкімдігі өткен жылдың соңынан бері ІТ саласын қолдау үшін көптеген жұмыстар атқарып келеді. Конкурстық рәсімдердің қорытындысы бойынша біз MOST Holding бизнес-инкубаторымен келісім-шарт жасастық. Компания келісім-шарт негізінде 2023 жылы қызықты іс-шаралар, форумдар, зерттеулер, кездесулер және оқыту іс-шараларын өткізді. Соның арқасында биыл келесідей көрсеткіштерге қол жеткіздік: біз ІТ саласына 6 миллион доллардан инвестиция тарта алдық, жоғары білікті, жоғары ақы төленетін 665 жұмыс орны құрылды, 3000-нан астам белсенді жастар айтылған іс-шараларға тартылды және 8 стартаптың өнімі шет мемлекеттерге сатылып, пайда әкелді. Егер басқа салалар Алматы қаласында немесе жалпы Қазақстанда дәл осылай дамымаған болса, ІТ саласының өте жоғары экспорттық әлеуеті бар. Дамыған елдермен салыстырғанда ІТ саласында еліміздің көрсеткіштері өте жоғары және әрі қарай дамытуға да жоғары перспективалары бар, – деді Алматы қаласы Цифрландыру басқарма басшысының орынбасары Серік Байғанин.

Ал MOST Holding бизнес-инкубаторының негізін қалаушы Павел Коктышев

мемлекеттік-жекеменшік келісім негізінде қандай жұмыс істеліп жатқанын айтты.

– Конкурстық рәсімдерге қатысып, оны жеңіп алу біз үшін үлкен сынақ болды. Қазіргі таңда 3 жылдық келісім-шартқа отырдық және сол бойынша қаланың ІТ экожүйесін дамыту бағытында жұмыс істеп жатырмыз. MOST 2011 жылы Алматыда жеке бастама негізінде пайда болды. Яғни 2011 жылдан бері біз кәсіпкерлерге қолдау көрсетіп келеміз және әкімдіктің арқасында осы жылдан бастап қаламызды толық қамтуға мүмкіндік пайда болды. Халықаралық тәжірибе АҚШ, Нидерланды, Германия сияқты дамыған елдер үлкен дамыған экожүйесі болса да, инновацияны қолдау үшін экожүйені, инфрақұрылымды белсенді түрде дамытуды тоқтатпайтынын көрсетеді. Сондықтан қала әкімшілігі тарапынан бұл бағытта жүргізіліп жатқан жұмыс өте дұрыс деп санаймын. Жыл басында бізге қойылған мақсаттардың біразын орындап, кейбірінде тіпті қойылған межеден бірнеше рет асып кеттік. Осы тұста тартылған инвестицияларды ерекше атап өткім келеді. Мүмкін, бұл цифрлар құрылыс не басқа салалармен салыстырғанда кішкентай көрінуі мүмкін. Бірақ ІТ саласына алғашқы кезде көп қаражат жұмсаудың қажет еместігін ескерсек, бұл инвестициялар жүздеген жобаны қаржыландыруға көмек бергенін түсінеміз, – деді MOST Holding негізін қалаушы және басқарушы серіктес Павел Коктышев.

MOST бағдарламасының арқасында Мақсат Бектібаев «Beksar» CEO стартапының үш есе өскенін хабарлады.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

– Біз MOST бағдарламасының түлектеріміз. Бұл бағдарламаның тиімділігі ақшалай түрде дәлелденді. Біз қолдаудың арқасында стартап ретінде үш рет өсе алдық. «Beksar» компаниясы қазір шағын және орта бизнесті автоматтандырумен айналысады. Бұл сатуды есепке алу, салық есебі және т.б. салалардағы барлық шетелдік өнімдерді алмастыра алатын толығымен қазақстандық өнім. Бүгінгі таңда Қазақстан бойынша 2700 дүкен біздің пайдаланушыларымыздың қатарында. Олар ай сайын абоненттік төлем төлеп тұрады. Абоненттік төлемдер бойынша айлық табысымыз 30 мың АҚШ долларын құрайды, – деді «Beksar» CEO негізін қалаушы Мақсат Бектібаев.

«Attractor School Almaty» директоры Иван Ардамин ІТ мамандарды дайындаудың ерекшелігін атап өтті.

– MOST бағдарламасының арқасында біз бұрын ІТ саласына қатысы болмаған 41 маманды дайындай алдық. «Attractor School Almaty» – бұл бағдарламалау мек-

тебі. 2014 жылы біз Бішкекте, 2017 жылы Алматы қаласында ашылдық. Біздің 600-ге жуық түлегіміз бар. Сондай-ақ, 50-ден астам ІТ компаниямен серіктес ретінде жұмыс істейміз. Мектебіміз білім алушыларға kaspersky.kz, halyk bank, kolesa group сынды ірі компанияларға жұмысқа тұруға көмектеседі. Егер интернеттен іздесек, ІТ саласында кадрлардың жетіспеушілігі қаншалықты көп екенін көре аламыз. Бұл мәселе шынында бар, мықты қыз-жігіттеріміз белгілі бір деңгейге жеткеннен кейін шетелге жұмыс істеуге кетіп қалады. Біздің мақсатымыз – ІТ мамандарды дайындау арқылы еліміздегі кадрлардың жетіспеушілігін қысқарту. Оқытуға тек оқушыларды аламыз деген талабымыз жоқ, керісінше білім беру бағдарламасы 18 жастан асқан ересек адамдарға бағытталған. Біздің ең үлкен тәлімгеріміздің жасы – 52-де. Бізде мамандарды дайындаудың 2 кезеңі бар, – деді «Attractor School Almaty» директоры Иван Ардамин.



ОТАНДЫҚ ӨНІМ

КОНТАКТІЛІ КӨЗ ЛИНЗАСЫ

шаһарымызда шығарылады



Шаһарымызда бірегей технологиямен жарақталған көзге арналған линза шығаратын зертхана ашылды.



Айнабай
МӘДИ

Линза өндіруге арналған шикізат Ұлыбританиядан жеткізіледі. Contamac компаниясы – әлемдегі ең ірі тәуелсіз контактілі линза материалдарын өндіруші және жоғары технологиялық полимерлер мен биоүйлесімді медициналық қолдану материалдарын әзірлеудегі жетекші инноваторы. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, әлемде ең кемі 2,2 миллиард адам жақын немесе алыс көру қабілетінің бұзылуынан зардап шегеді. Елімізде 160 мың зағип және нашар көретін адамдар тұрады, олардың 20 мыңы – көру қабілеті мүлде нашар адамдар. Қазіргі уақытта «Қазақ зағиптар қоғамында» 17 мыңнан астам адам есепте тұр.

«Окей Вижен» компаниясының басшысы, медицина ғылымының докторы, профессор, «Ресей ұлттық оптометристер қауымдастығының» президенті Александр Мягков зертхана үшін Алматы қаласы кездейсоқ таңдалмағанын атап өтті. Оның пікірінше, бұл – Қазақстан мен Орта Азияда өндірісті бастауға ең жақсы локация.

«Біздің өнім Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан офтальмологтарының оң бағасын алған. Линзалар көру қабілетін емдеу мен түзетуде бұрыннан қолданылып келеді. Орта Азия тез дамып келеді әрі Алматыда өндірісті ашу барынша орынды шешім болды. Бұл жерде өнімді елге, сондай-ақ көрші аймақтарға қажет көлемде жасау ыңғайлы. Мегаполистің орналасқан жері инновациялық линзаларды көрші елдерге жеткізуді жеңілдетеді», – деп мәлімдеді А.Мягков.

Өндіріс Алматыда іске қосылып, зертхананың техникалық персоналы оқудан өтті. Білікті маман-дәрігерлер, офтальмологтар, инженерлер тобы жиналды. Зертхананың ашылуында «Окей Вижен Қазақстан» ЖШС директоры Диляра Әлиева еліміздің офтальмология саласындағы осындай жетістігімен мақтанатынын айтты.

«Біз жұмысты көз институты базасында 2017 жылы бастадық. Ол кезде қолымызда қажетті жады, білім, білік болмады. Содан алғашқы қадамдарды жасай бастадық. Шетелге шығып, білім жинадық, біліктілікті арттырдық», – деді Д.Әлиева.

ЖШС директорының айтуынша, олар Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орта Азияда да қатты линзалар шығаратын алғашқы зертхананы ашуға қол жеткізді. Қазір зертханада 15-тен астам ғылыми қызметкер мен технолог жұмысын бастап кеткен.

Газ өткізгіш контактілі линзалардың беткі қабаты гидрофильді. Бұл артықшылық линза киген кезде жайлылықты сыйлайды. Contamac Ltd компаниясы линзалардың беткі қабатына ерекше сулану мен үйкеліс коэффициентін төмендететін компоненттер қолданған. Газ өткізгіш контактілі линзаларға Tangible Hydra-PEG беттік жабыны әзірленіп, сәтті қолданылды. Ашылу салтанатында ұлыбританиялық Contamac компаниясының ғылыми кеңесшісі Мартин Конвей контактілі линзалардың газ өткізгіштігін атап өтті. Демек, оттегі линзалар арқылы көзге өтеді.

«Линза тағылатын көз қабығы өздігінен суланбайды, өйткені оттегіні сырттан, яки ауадан алады. Сондықтан көз қабығына линза тағылғанда көз бен көз қабығы арасында кедергі пайда болады, сол себепті көзге ауа жетпейді. Біз көзді демалдыратын линзаларды ойлап таптық», – деді М.Конвей.

Ұлыбританиялық компанияның бас кеңсесі Англияда Сафрон-Уолденде орналасқан, өндіріс ең соңғы үлгідегі жабдықпен қамтылған. Мұның бәрі бізге клиенттердің талаптарына сай, бірегей офтальмологиялық формуланы жасауға, сондай-ақ жаңа биоматериалдар мен технологияны жасауға, кең ғылыми қауымдастықпен ынтымақтасуға мүмкіндік береді.

Нарықтағы стандартты линза халықтың шамамен 60–65%-ына сай келеді. Өйткені, әр адамның қасаң қабығы ерекше. Инновациялық контактілі линзаларды жеке өндіру зертханасы көптеген науқастың проблемасын шеше алады.

«Алматыда ересектердің де, балалардың да көру қабілетін жақсартуға емдік линзалар өндірісі іске қосылды. Бүгін біз зертхананы көрдік, линзалар жасау процесімен таныстық. Процесс автоматтандырылған. Зертхананың іске қосылуы отандық медицинаға жаңа мүмкіндіктер ашатынына сенімдімін», – деп атап айтты Кәсіпкерлер палатасы Алматы филиалының директоры Темірлан Мәдиев.

Палата өкілі өңірлік палата жанынан денсаулық сақтау жөніндегі салалық кеңес жұмыс істейтінін, онда медицинаны дамытудың өзекті мәселелері көтерілетінін айтты. Ол зертхана мамандарын салалық кеңестің мүшесі болуға шақырды.

ТАҒЫМ

ЧЕМПИОНДАР ТӘРБИЕЛЕНЕТІН ТУРНИР

Алматыда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 32 жылдығына орай Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековті еске алуға арналған және «Желтоқсан оқиғасының» 37 жылдығын атап өтуге байланысты бокстан дәстүрлі қалалық XXII ашық турнир өтті.



Досбол
АТАЖАН

Турнир «Желтоқсан рухы» ҚБ ұйымдастырумен және Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен өткізілді. Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде Алматы қаласы Қоғамдық даму басқарма басшысының орынбасары Бағлан Төлеухан жиналған спортшыларға сәттілік тіледі.

«Бүгін Тәуелсіздігіміздің 32 жылдығы мен «Желтоқсан оқиғасының» 37 жылдығы қарсаңында Халық Қаһарманы Қайрат ағамызды еске алу турнирі ұйымдастырылып отыр. Бұл ағамыздың ерлігін ұмытпай, ары қарай жастарға насихаттау мақсатында өткізіліп отырған жарыс. Турнир жылдан-жылда әрі қарай да жалғасын табады деп сенемін. Жас спортшыларға Қайрат ағамыздың батылдығын берсін деп тілеймін, болашақ Олимпиада чемпионы болуларыңа тілектеспін», – деді Алматы қаласы Қоғамдық даму басқарма басшысының орынбасары Бағлан Төлеухан.

Ал Сидней Олимпиадасының чемпионы Ермахан Ыбырайымов аталмыш турнирде талай даңқты боксшылардың өнер көрсеткенін атап өтті.

«Міне, қала әкімшілігінің қолдауымен Халық Қаһарманы Қайрат Рысқұлбековтің турнирі үзілмей жылма-жыл өтіп келе жатыр. Бұл турнирге халықаралық статус берсе де, артық болмайды. Себебі, бұл турнирде Бақтияр Артаев, Бақыт Сәрсекбаев, Серік Сәпиев секілді Олимпиада чемпиондары тәрбиеленіп шықты. Бұл турнирдің Қазақстан боксын дамытуға қосқан үлесі зор. Ал спортшыларға сәттілік, төрешілерге әділдік, көрермендерге белсенділік тілеймін», – деді Сидней Олимпиадасының чемпионы Ермахан Ыбырайымов.

Турнирдің өтуіне атсалысқан ұйымдастырушылардың бірі Ләйлә Бейсебаева бұл жарыстың әкімдіктің күнтізбелік жоспарына енуі мүмкін екенін хабарлады.

«Қайрат Рысқұлбеков сынды батырларымыздың арқасында біз Тәуелсіздікке жетіп, өз тілімізде еркін сөйлей аламыз. Сондықтан басқа турнирлерден бүгінгі еске алу турнирінің жөні бөлек. Өскекең ұрпақ батырларымызды ұмытпауы керек. «Көп түкірсе, көл болады» дейді. Ел болып турнир өткізіп жатырмыз. Жылда қолдау көрсетіп келе жатқан Алматы қаласының әкімдігіне алғыс айтамын. Енді келесі жылдан бастап бұл жарыс әкімдіктің күнтізбелік жоспарына енгізілуі мүмкін. Өз тарапымнан осындай турнирлерден чемпиондар шыға берсін деп тілеймін», – деді турнир ұйымдастырушысы Ләйлә Бейсебаева.

БАЛАБАҚША

«ЕРТӨСТІГІМ» БІР ТӨБЕ!



Халқымыздың ардақты ұлы Есенғали Раушановтың «Желтоқсан деген бір ай бар» деген жырына арқау болған, ызғарлы күнде есігін ашқан «Ертөстік» балабақшасына биыл 37 жыл толып отыр. Осынау жылдар ішінде бұғанасы бекіп, еңсесін тіктеген балабақша ертегідегі батырдай ержетіп, елдің алды болды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Дәл қазір ұлттық рухтың ісі аңқыған балабақша қаламыздағы мектепке дейінгі мекемелердің ең мақтаулысы әрі ең таңдаулысы. Олай болмауға ұлттық балабақшаның қақысы жоқ. Өйткені, кезінде ана тіліндегі ұлттық балабақшаның ашылуына сол кезде зиялы қауым өкілдерінің сіңірген еңбегі зор

болды. Басын бәйгеге тіккен азаматтар ұлтқа қызмет етудің нағыз үлгісін көрсетіп кетті. Арамыздан кетсе де, соңына ұмтылмастай із қалдырды. Сондықтан ата-бабамыздың арманына айналған азаттыққа, бодандықтан бостандыққа қол жеткізген Тәуелсіздік балабақшаның туған күні іспетті, тарихта мәңгіге қалған еді. Осынау өзінің төл туған күнін балабақша ұжымы «Тәуелсіз елдің ұланымын!» атты мерекелік іс-шарамен атап өтті.

– Біздің ұжым үшін осынау айтулы

күннің орны ерекше. Өткізіліп отырған іс-шара бүлдіршіндерді Отанды сүйуге, Қазақстан Республикасының рәміздерін қастерлеуге, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыруға баулитыны анық. Әрі балақайлардың тіл байлығы артып, ой-өрісі, сөздік қоры дамиы. Осынау 37 жыл ішінде балабақшамыз «Ертөстігім» бір төбе» деген ел құрметіне лайық бола білді. Біздің балабақшаның тарихы терең, сонау желтоқсанның ызғарымен тұсна-тұс келді. Басына бұлт үйіріліп, талай қиындықты көрді. Ел ағаларының арқасында барлық сынақтан өтті. Біз сол күндерді әркез еске алып отырамыз. Балабақшаның алғашқы, сол кездегі меңгерушісі болған Күлзия Нүкенқызының, басқа да қызметкерлеріміздің еңбектерін, есімдерін ешқашан ұмытпаймыз. Тарихты ұмытуға болмайды, – дейді балабақша меңгерушісі Елмира Сейтжанқызы.



● САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ТЫНЫМСЫЗ ЕҢБЕК

Алматы көшелерінен үш мың текше метрден астам қар шығарылды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Қалаға қалың қар жауғалы бері тазалық жұмыстарымен айналысатын жұмысшыларда тыным жоқ.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы мамандарының хабарлауынша, қала көшелерінде көктайғақтың алдын алу мақсатында жолдардың қауіпті учаскелерінде, көлік айрықтарының бұрылыстарында түнде 32 тонна көктайғаққа қарсы материалдар себілді. Тротуарларды, жалпы пайдалану орындарын, қоғамдық көлік аялдамаларын, жерүсті өткелдерін тазалау жұмыстары жүргізілді. Түнгі кезеңде жол полициясы патрульдік машиналарының еріп жүруімен қар-

ды сыпырып, жинайтын машиналардың 17 колоннасы ұйымдастырылды.

Түнде 1947 м³ қар жауғаннан бері барлығы 3027 м³ қар шығарылды.

44 жедел патрульдік бригада, 421 бірлік арнайы техника, оның ішінде 165 құм таратқыш, 481 жол жұмысшысы жұмылдырылды.

«Қазгидромет» РМК болжамы бойынша 16 желтоқсанға дейін жауын-шашын болмайды.



● ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛДАУШЫ МЕКЕМЕЛЕР

Алматы автопарктерінде түнгі кезекшілік ұйымдастырылды

Қаламыздағы қоғамдық көлік үзіліссіз қызмет көрсетіп, жолаушы тасымалдаушы автокемелер аязға әзірлікпен кірісті. Ауа температурасының күрт төмендеуі мен жақында жауған қалың қарға қарамастан, қоғамдық көліктің бағытқа шығуы 91 пайызға жетіп, үздіксіз жұмыс істеуде.



Айнабай
МӘДИ

Бұған дейін қалалық Мобильділік басқармасының нұсқаулығымен қаладағы тасымалдаушы мекемелер көлік құралдарын қысқы кезеңге дайындау бойынша қажетті іс-шара жүргізген еді. Алайда, автобустарды жолға шығару шағында ауа райы өзгерісіне әзірлік кезінде техникалық ақаулар байқалып, анықталды. Сол себепті, автобустардың бір бөлігі қызмет көрсетуге жарамсыз болған-ды.

Бұл ретте тасымалдаушылар тарапынан кемшіліктерді жою жөнінде қажетті шаралар қабылданды. Барлық автопарктерде кезекшілік ұйымдастырылып, жауапты қызметкерлердің жұмысы күшейтілді. Түнде желіге уақытылы шығу



үшін қозғалтқышты бірнеше рет жылыту жүргізіледі.

Бір айта кетерлігі, рейстердің жүйелілігіне шаһарымыздағы едәуір кептелістердің де кері әсері тиді. Коммуналдық қызметтер қаланың барлық аумағында

қар тазалау мен жолдарды тазалау жұмысын қарқынды жүргізуде. Синоптикер болжамынша, бір күнде жауын-шашынның айлық мөлшерінің 28 пайыз мөлшері түскен.

Биыл қаламызда газбен жүретін 600

● КЕРЕК ДЕРЕК

Бүгінде Алматыда 176 тұрақты қалалық және қала маңындағы маршруттар бар.

Барлығы 2297 бірлік автобус пен троллейбус қызмет көрсетеді.

Маршруттарға «Алматыэлектротранс» ЖШС, 23 жеке және 1 коммуналдық автобус паркі қызмет көрсетеді.

автобус пен 100 троллейбус сатып алынды. Сондай-ақ, жеке автопарктер де қосымша жылжымалы бірліктерді сатып алуға. Шаһарымыздағы бұл шара қолданыстағы автопарктерді айтарлықтай жаңартуға мүмкіндік беретіні анық.



ЖАЗЫЛ ДА, ҰТЫП АЛ!

Құрметті оқырмандар!

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетінің редакциясы газеттің тұрақты жазылушыларын, сондай-ақ жаңа жазылушыларды жыл сайынғы «Жазыл да, ұтып ал!» редакциялық конкурсына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады!

Байқауға қалай қатысуға болады?

2024 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бір жыл бойына жазылу қажет.

2023 жылдың 25 желтоқсанына дейін жазылу түбіртегінің көшірмесін конвертке салып, «Жазыл да, ұтып ал!» белгісін қойып, редакцияға жолдау керек немесе жазылу түбіртегінің суретін мына WhatsApp нөміріне 8 707 752 92 32 немесе alatayaqparat@mail.ru электронды мекенжайына жолдау қажет.

Редакция мекенжайы: 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің бұрышы), №21 бөлме, тел.: 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Ескерту! Міндетті түрде өзінің аты-жөні, мекенжайы, ұялы байланыс немесе қалалық телефоны жазылу керек.

Қай жерде жазылуға болады?

«Қазпочта» АҚ, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС барлық почта бөлімшелерінде жазылуға болады.

2024 жылға бір жылға жазылу бағасы:

65503 | Жеке жазылушылар үшін

95503

Жеңілдікпен ҰОС қатысушылар, зейнеткерлер, мүгедектер мен көпбалалы аналар үшін

6433,44 теңге

4033,44 теңге

Тек қана бір жылға жазылған жазылушылар қатысады!

Ұтыс ойынын өткізу бойынша қосымша хабарлаймыз. Ұтыс ойыны «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз байқаушылардың қатысуымен өтеді. Ұтыс ойыны жеңімпаздарының аты-жөндері таяу арадағы газет нөмірінде жарияланатын болады.

Анықтама бойынша: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Енді «Almaty aqshamy» газетіне жазылу үшін **post.kz** сайты немесе мобильді қосымшасын пайдаланып, онлайн ресімдеуге болады. Жылдам іздеу жолағында сіз қажетті басылымды тауып, жазыла аласыз. Ресімдеу үшін сізге жиынтықтардың санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің банктік картасымен төлем жасау керек. Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жүзеге асырылады. Қызмет түрі 24/7 қолжетімді. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Almaty aqshamy» баспа нұсқасына жазылумен бірдей.

Баспа басылымдарын жеткізу ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжайыңыз бойынша **Post.kz** қызметі арқылы жүзеге асырылады.

Жазылушылар назарына!

2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Almaty aqshamy» газеті аптасына 2 рет (сейсенбі, жұма) шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық
жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама және
тарату бөлімі
e-mail: dalemesh@vecher.kz
тел: 293-08-12.

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы почтамтына:
+7 707 932 39 18 телефондары
арқылы хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 28 412**

**Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPU00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы қаласы,
Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Оффсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортндағы
жолаушыларға қолжетімді.**

ҚАУІПСІЗДІК

СУ АЙДЫНДАРЫНАН САҚ БОЛАЙЫҚ!

**Ұлттық баспасөз клубында өткен баспасөз
мәслихатында Алматы маңында қысқы шақта
тау мен су айдындарында қысқы кезеңдегі
серуендеу кезінде қауіпсіздік шаралары туралы
мәселелер қозғалды.**

Басқосуға Алматы қаласының құтқару қызметі МКК авариялық құтқару қызметі басшысының орынбасары Самат Серғазинов, Алматы қаласы ТЖД азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері, азаматтық қорғаныс капитаны Есбол Сұлтанов, Ерікті құтқару қызметінің жетекшісі, құтқарушы Ринат Хайбуллин қатысып, маусымдық маңызды мәселенің егжей-тегжейіне тоқталды, өзекті жәйтке қатысты тілшілер тарапынан қойылған сауалдарға жауап берді. Алматының әлеуеті артып, экономикалық көрсеткіші өскен сайын қала тұрғыны көбейіп, туристер саны еселенуде. Сол себептен, бұл қалаға қарай ағылушылар да көп, биік таудың басына өрмелеушілердің де қарасы қалындауда. Өкініштісі сол, сол тауға серуендеуге шыққандар, демалушылар арасында зардап шегушілер мен адасушылар саны азаяр емес.

«Тау баурайларындағы тынығар жерлер туристердің, қала тұрғындары мен қонақтарының демалуына барынша жайлы әрі қауіпсіз болуы қамтамасыз етілуі мақсатында Үлкен Алматы мен Кіші Алматы шатқалдарында шұғыл әрекет пен іздеу-тасымалдау жұмыстарына арналған бақылау-құтқару пункттері орналасқан. Аталған пункттерде құтқарушылардың тәулік бойғы кезекшілігі ұйымдастырылған. Кезекшілік кезінде құтқарушылар кезекшілікпен бірге, демалушылар мен туристерге қауіпсіздік жұмыстарын жүргізуде», – деп мәлімдеді Алматы қаласының Құтқару қызметіне қарасты авариялық құтқару қызметі басшысының орынбасары С.Серғазинов.

Әлбетте, бақылау-құтқару пункттері жол талғамайтын авто, мото-көліктермен, сондай-ақ қарда жүйіткітін көліктермен жабдықталған. «Іздестіру-құтқару жұмыстарының нәтижесінде биылғы қаңтардан бастап бүгінге дейін Алматы мен Алматы өңірінің тауларында әртүрлі жарақат алған 208 адам (оның 12-сі бала) құтқарылды», – дейді Самат Сүлейманұлы.

Алматының Құтқару қызметі Алматы акваториясындағы құтқару қызметін де айналысады. Сайран көлін реконструкциялауға байланысты құтқарушылар 12 маусымнан 5 шілде аралығында кезекшілікте болды. Кезекшілік кезінде зардап шегушілер болған жоқ.

«Алматыда кун суытып, температураның төмендеуіне байланысты маңайдағы су айдындарында серуендеу қауіпті. Өйткені, мұз қатып үлгерген жоқ, қалыңдығы – небары бір-екі сантиметр төңірегінде. Алматы маңында 44 су көзі мен бассейні бар. Алау ауданындағы «Байбесік» ықшамауданындағы тоған, Жетісу ауданындағы «Кемел» ықшамауданындағы «1 мамыр тоғаны», Түркісіб ауданындағы Әуежай көлі, т.б. бар. Міне, осы су бассейндерінде 2023-2024 жылғы қысқы маусымда аталған су аумақтарында төтенше жағдайға жол бермес үшін күнделікті түсіндіру шаралары жүруде, патрульдік қызмет жалғасуда», – деп түсіндірген азаматтық қорғаныс басқармасының аға офицері Есбол Мирасұлы қыс кезінде су айдындарынан сақ болуға шақырды.

Айнабай МӘДИ.

«Bilim school» ЖШС мектебі жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ана төлемі бір оқушыға жылына **1200 АЕК**-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз.
Сенім телефондары: 8 (7172) 69-50-37, 8 (7172) 69-50-58,
сайты: www.fincenter.kz

ҚҰҚЫҚ

ІРІ КӨЛЕМДІ ЕСІРТКІ ТӘРКІЛЕНДІ

**ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл
департаментінің қызметкерлері аумақтық және
арнайы мақсаттағы бөлімшелерімен бірлесіп,
прокуратура органдарының үйлестіруімен Алматы
қаласымен іргелес облыстың Қарасай ауданы
аумағында орналасқан жасырын зертхананы жою
бойынша ірі операция жүргізді.**



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ.

Ұзақ мерзімді жедел-ізвестіру іс-шараларының нәтижесінде саяжай үйінің аумағында есірткі зертханасын ұйымдастырған екі ер адам ұсталды. Олардың бірі жақын шетелдің азаматы болып шықты. Үй-жайды тінту кезінде 130 келі прекурсор, зертханалық жабдық (реактор, шыны колбалар, электрондық таразы, жылу зеңбіректері, тыныс алу маскасы), шамамен 12 келі дайын мефедрон психотроптық заты тәркіленді.

– Есірткі заттарын өткізу мақсатында заңсыз дайындағаны, сақтағаны, сондай-ақ өткізгені үшін ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабы 3-бөлігімен сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Айта кетерлігі, адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы аса ірі мөлшерде жасалған бұл қылмыс үшін мүлкі тәркіленіп, он жылдан он бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді, – деп мәлімдеді ҚР ІІМ есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының орынбасары Саркытбай Құсайынов.

А.ҚЫДЫР.

www.instagram.com/
aqshamy.official

www.facebook.com/
aqshamy.official

www.youtube.com/channel/
UCxM2xvChx6Bt1ggA

web.telegram.
org/k/#/aqshamy_kz

vk.com/
aqshamy.official

twitter.com/
aqshamy_kz

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«ЖЕЛТОҚСАННЫҢ МҰЗҒА ЖАНҒАН АЛАУЫ...»

Бүгінгі жастар қазақтың басты байлығы тәуелсіздік екенін шынайы сезінсе,
бабалар мұратының орындалғаны болар еді...

Желтоқсан оқиғасы – Тәуелсіздіктің алтын тұғыры. Ата-бабалар аңсаған азаттықтың шырағы жағылған сәт. Осынау тарихи оқиғаның куәгерлері – Алматы ауданы «Желтоқсан ақиқаты» патриоттық қозғалысының төрайымы Гүлмира Шанимбаева мен орынбасары Ғани Қалмақбаев ҚазҰҚПУ құрамындағы Кәсіби білім беру колледжі студенттерімен кездесті.



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Олар «Желтоқсанның мұзға жанған алауы...» тақырыбында өткен тәрбие сағатында жастарға тағылымды әңгімелер айтты. Иә, сонау 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы ел жадында әлі күнге жаңғырып тұр. Кеңестік жүйеге қарсы тұрған Желтоқсан көтерілісіндегі қазақ жастарының отансүйгіштік сезімін кейінгі ұрпаққа насихаттай отырып, сол кездегі құрбандарды мәңгі есте сақтау, тәуелсіздік бастауы ызғарлы Желтоқсан оқиғасы екенін жете түсіндіру, сол арқылы жас ұрпақ бойына еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімнің дәнін себу.

Аталған іс-шарада алдымен еліміздің Гимні орындалды. Желтоқсаншы Ғани Мүтәліпұлы – сол кездегі алпауыт елдің айбарынан сескенбей, өз елінің намысын қорғап, бойында ұлттық рухы аспандаған қазақтың өрімдей қыз-жігіттерімен бірге орталық алаңға шыққан азамат. «Қанша



жыл өтсе де, Желтоқсан жүректе жазылмаған жара, тарихта қасіретті күн болып қалғаны рас. Бірақ осы оқиғаның қалай болғаны туралы өскелең ұрпақ білуі керек. Өйткені, осы оқиғаға біреудің әкесі, анасы, біреудің баласы қатысты. Қазақ жастары сол сәтте көшеге шығып, үн қатты. Ел тәуелсіздігін талап етті. Елмен санаспай істелген іске, шығарған шешімге халық наразы екендіктерін көрсетті. Бұл тарихтағы тағы бір сабақ болды. Сондықтан бұл қазақ халқының ойы, мұңы болып басталды да арты үлкен өзгеріске әкелген болатын», – деді ол.

Сонымен қатар, Гүлмира Белғожақызы өз ойын жеткізді. «Біріміз бұл күнді

Тәуелсіздік мерекесі десек, екіншіміз тәуелсіздікке қол жеткізуге қадам жасаған қаралы күндердің бірі дейміз... Шынын айту керек, желтоқсан бір жағынан қаралы күн. Қаншама жалынды жастың өмірі қиылды. Мереке деп те айта алмаймын, бірақ Тәуелсіздік бастауы дегенді қолдаймын. Бірақ бұл күні осындай тәрбиелік маңызы бар кездесулер, тарихи сәтке негізделген кинолар қойып, патриоттық әндер орындалғаны дұрыс. Әр заманның жастары сол уақыттың талабына сай тәрбиеленеді.

Десек те, жастардан үлкен үміт күтеміз. Бүгінгі жастар қазақтың басты байлығы тәуелсіздік екенін шынайы сезін-

се, бабалар мұратының орындалғаны болар еді», – деді ол. Бұл іс-шарада патриоттық әндер айтылып, өлеңдер оқылды. Қазақ елінің өткені мен бүгінін бейнелейтін бейнероликтер көрсетіліп, ұстаздар қауымы мен колледж директоры А.Қарабаева Желтоқсан оқиғасының маңызы туралы айтып, өз пікірлерін білдірді, жастарды еліміз деген ел азаматтарын құрметтеуге шақырды.

Іс-шара соңында Ә.Тінәлиевтің «Желтоқсан желі» әнін қыздар хормен орындады. Топ жетекшісі Нұргүл Абдраманқызы желтоқсандық жастар ұмытылмай, ерліктері есте мәңгілік сақталатындығын айтып, меймандарға алғыс білдірді.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

АЮ НЕГЕ ҰЙҚЫҒА ЖАТПАДЫ?

Алматының хайуанаттар паркіндегілер мұны қыстың кеш келуімен, қардың болмауымен байланыстырады

«Аю жатқан» амалы да көрініс берді. Бұл аюдың қысқы ұйқыға жатқанына қаратылып айтылған. Аю күзге таман бойына 50 келіге жуық май жинап, қатты семіреді де, қысқа қарай ұйқыға кетеді. Егер қажетті май қорын жинай алмаса әрі қатты аяз болмаса, ұйқыға жатпайды екен.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ

Осы айдың 8-інен бастап қар жауып, күн үрдіс суытты. Пайым бойынша, әлі суыта түспек. Бәлкім, аю ұйқыға енді жататын болар. Аю уақытылы дер кезінде ұйықтаса, қыс тыныш, аязы мен бораны аз болады деген болжам бар...

«Ақырып келетін, қарлы боранын шақырып келетін» Ақырап амалы әлі жүріп жатыр. Екі күннен кейін аяқталады. Ақырап десе ақырап, байтақ жеріміздің бәрінде де жел-боран, ызғар мен аяз күшіне еніп тұр. Оның үстіне өткенде туған ай да мәресіне жетті. Демек, алдағы аптаның ауа райы аса жайлы бола қоймаса керек. Алматыда күн аяқасты суытып, бір күн қар, бір күн ызғар алмасып тұр.

Оның үстіне тағы бір сұрапыл «Сірне» амалы бой көрсетсе, «Киіктің матауы» амалы таяп келеді. «Сірне» тағамның аты. Қазақ жылқышылары осы мезгілде бай үйінен сыбағалы асын жейтін көрінеді.



Киіктің матауы (бұрқағы) 19–29 желтоқсан аралығында көрініс береді. Көбіне қар жауып, ұйытқыған боран болады. Осы уақыттың ішінде киіктің текелері шағылысқа түседі. Бұл табиғи науқан 10 күннің ішінде асқан ұйымшылдықпен өте шығады. Нәтижесі наурыз бен сәуірде белгілі болады: көктемде көк белде әр ұрғашы киік соңына екеуден лақ өргізеді.

Желтоқсанның 22-сіне күн барынша қысқарады. Мұны күннің тоқырауы дейді. Бұл күн мен түннің бір жыл ішіндегі

төртінші мәрте тоқырауы. Ежелгі қазақтар, олардан да бұрынғы қыпшақ, түркі бабаларымыз күннің ұзарғанына қуанған. «Өрісіміз кеңейеді, күн ұзарады, мал далада ұзақ жайылатын болады» деп мәре-сәре болған. Алтайлықтар желтоқсанның 25-ін «Күн Түнді жеңді» деп мерекелеген. Кейінгі деректерде қыпшақтардың бұл күнді шырша мерекесі ретінде тойлағаны жазылып жүр... Қалай болғанда да, бүгінгі еуропалықтар тойлап жүрген Жаңа жылдың негізі сол қыпшақтардың шырша ме-

рекесінде жатқанына еш шүбә келтіруге болмайды. Тарихи, жазба айғақтар өте көп.

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, өтіп бара жатқан айдың – 14-і, ай есебінше, жаңа айдың – 1-і. Ал қазақша айдың – 2-сі. Алдағы апта (14–30 желтоқсан аралығы) айдың басы мен ортасын қамтып тұр. Айдың бұл кезеңдері жайбарақат өтпейтіні белгілі. Желтоқсан айының соңғы он-күндігінде қазақ даласын қамтыған қатты боран соғады. Мұны еліміздің кей жерінде «теке бұрқылдақ» амалы деп те атайды.

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ
Қыс мезгіліне орай жасалған
жорамал:

- * Күн құлақтанса, қатты аяз болады.
- * Киік басқа жаққа ауа бастаса, сол жерде ұзамай қатты боран соғады.
- * Торғайлар ұясына мамық таси бастаса, күн кенет қатты суытады.
- * Әтеш бір аяғын көтеріп тұрса, аяз болады.
- * Қаздар қаңқылдаса жылы болады, аяқтарын бауырына тығып жатып алса, күн суытады.
- * Қыс қатты болатын болса, тиін ұясын – төменге, жылы болса – жоғарыға жасайды.